

**Ашық жиналыстар нысанында өткізілетін
қоғамдық тыңдаулар хаттамасы
«GLOBAL LOGISTIC COMPANY» ЖШС құс фабрикасы**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: **Ықтимал әсерлері туралы есеп «GLOBAL LOGISTIC COMPANY» ЖШС құс фабрикасына.**

(қарастырылып отырған жобалық материалдардың толық, нақты атауы).

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімшілік аппаратының атауы: **ҚР ЭГТРМ жанындағы "Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы" ШЖҚ РМК, Бірыңғай экологиялық портал, «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: **Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жібек Жолы ауылдық округі, Тұрар ауылы АҚХ Дружба шаруа қожалығы, 1297 жер учаскесі. N 43.1816; E 76.3144**

(толық, дәл көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының мекенжайы, географиялық координаттары)

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: **Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жібек Жолы ауылдық округі**

(белгіленген көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: **«GLOBAL LOGISTIC COMPANY» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН: 230840013364, тел: +77025670205, +77021814747, askarbeknazgul99@gmail.com.**

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

«Ықтимал әсерлері туралы есеп» әзірлеушісі: **Жеке кәсіпкер Исламов Д.М.**

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: **Жеке кәсіпкер Исламов Д.М., Алматы қаласы, Жетысу-3 ықшамауданы, 24 үй, ЖСН: 750316300211, тел: +77017163189, darkhan islamov@mail.ru.**

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін күні, уақыты, орны (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): **27.01.2026 ж. Қатысушыларды тіркеу сағат 16.30-да. Қоғамдық тыңдаулардың басталуы сағат 17.00-де. Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жібек Жолы ауылдық округі, Жібек Жолы ауылы, Ж. Дүйсеков көшесі, №41а, ауыл әкімдігінің ғимараты, ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы.**

(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталу және аяқталу уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі: **Сұрау-хат пен жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 1-қосымшада ұсынылған.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі: **Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 2-қосымшада ұсынылған.**

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) **11.12.2025 жылы Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың ұлттық деректер банкі порталында <https://ndbecology.gov.kz>, «Қоғамдық тыңдаулар-Ашық кездесулер» бөлімінде;**

2) Жергілікті атқарушы органның (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана) ресми Интернет-ресурсында немесе: **«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>, жарияланған күні 11.12.2025 жылы;**

(ресми интернет-ресурстардың атауы және жарияланған күндері)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

Алматы облысы Қарасай аудандық «NAQTU» апталық газеті, N48-49 (8686-87), 05 желтоқсан 2025 жылы, осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасының 3-қосымшасында ұсынылған.

«Жетісу» телерадиокомпаниясы» ЖШС «сыртқы желі» бөлімінде 05.12.2025 жылы. Эфир туралы анықтама осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 4-қосымшада ұсынылған.

4) Әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында: **Ақпараттық тақтаға хабарландыруды орналастыру «Алматы облысы Қарасай ауданы әкімінің аппараты» ММ Қаскелен қаласында және «Қарасай ауданы Жібек Жолы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ Жібек Жолы ауылында осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 5-қосымшада ұсынылған.**

Қоғамдық тыңдаулардың осы хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдауға, қатысушылар төраға болып «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Жобалардың экологиялық сараптамасы және табиғатты қорғау бағдарламалары бөлімінің басшысы Тарыбаев Асылхан Сәбитұлыны сайлады, хатшы болып Жібек Жолы ауылының тұрғыны Бокабаева Меруерт Керымбайқызыны сайлады. Қатысушылар саны – 8 адам.

(хатшыны таңдауы бойынша туралы. "Қарсы", "Қарсы емес", "Қалыс қалды" қоғамдық тыңдауларына қатысушылардың санын көрсетіңіз).

1. Жоба материалдарын баяндама нысанында қарау. Ұсынылатын регламент-эр баяндамашыға 15 минут.

2. Сұрақ-жауап. Кез келген адам баяндамашыға сұрақ қойып, жоба бойынша өз пікірін айта алады. Ұсынылатын регламент – 10 минут.

3. Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылған регламент - 5 минут.

Регламент бірауыздан қабылданды. Қатысушылар саны – 8 адам

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

1. «GLOBAL LOGISTIC COMPANY» ЖШС директордың орынбасары Қ.Ж.Жарастың сөзі (1 бетте), осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 6-қосымшада ұсынылған.

2. Жоба әзірлеушісі Д.М.Исламов «GLOBAL LOGISTIC COMPANY» ЖШС құс фабрикасына арналған Ықтимал әсерлері туралы есеп бойынша баяндама жасады (4 бетте), осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 7-қосымшада ұсынылған.

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны).

14. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасының құрамдас бөлігі болып табылатын жиынтық кесте:

№ пп	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)	Ескерту (алынған ескерту немесе ұсыныс "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	<p>Жакселиков А.К. – Жібек Жолы ауылының тұрғыны:</p> <p>1. Осы кәсіпорынға осы ауылдан қаншалықты қандай колемінде жұмысқа аласыз?</p>	<p>Құс фабрикасы директордың орынбасары Қ.Ж.Жарас жауап берді:</p> <p>1. «GLOBAL LOGISTIC COMPANY» ЖШС құс фабрикасы жылына 364 күн жұмыс жасайды. Болжамымда болып тұрған 10 адамға дейін жұмыс орнын бере аламыз. Құс фабрикасы жұмысын бастауға дайын болған кезде, хабарландурыды Жібек Жолы ауылдық округінің әкімдігі арқылы береміз. Әртүрлі жұмыстарды жасайтын жұмысшылар, ораушы, фасовщик дегеніміз, технолог, жеткізушілер, кузетшілер керек болады.</p>	<p>1. Алынған ескерту</p>
2	<p>Хасен Ержан Алиулы - Жибек Жолы ауылдық округінің әкімінің орынбасары:</p> <p>1. Баяндамада айтып кеттіңіздер, Санитарлық қорғау аймақ 300 метр деп, ол ақпарат нақы бекітілген бе?</p>	<p>Ықтимал әсерлері туралы есеп жобасын әзірлеушісі: Жеке кәсіпкер Исламов Д.М. жауап берді:</p> <p>1. Осы құс фабрикасына Санитарлық қорғау аймағын құру жобасы жасалып, Қарасай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына тапсырылған. Сол мемлекеттік мекеме берілген Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыда Санитарлық қорғау аймақ 300 метр деп бекітілген.</p>	<p>1. Алынған ескерту</p>

	<p>2. Сұрақ емес, мен айтқым келетін ұсыныс, Қуаныш мырза өзінен бірнеше рет кездесулер өткіздік, енді бұл жерде жер мәселесі, жанағы екжей-текжей жоспар жасау керек «ПДП» деп айтамыз, сіздікі инвестициялық жоба болғанан кейін соны жасатып, жерінің нысаналы мақсатын өзгерту керек деп ойлаймын.</p>	<p>2. Құс фабрикасы директордың орынбасары Қ.Ж.Жарас жауап берді: Ұсынысыңызды қабылдадым.</p>	<p>2. Алынған ескерту</p>
3	<p>Тарыбаев А.С. – «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Жобалардың экологиялық сараптамасы және табиғатты қорғау бағдарламалары бөлімінің басшысы:</p> <p>1. Менің түсінуімше, осы құс фабрикасы тауықтарды тек жұмыртқа өндіру үшін ұстауды жоспарлап отыр, құс сойылып, етын сатып дегендей жумастар болмайды ғой?</p> <p>2. Құс саңғырығың, помет дегеніміз ды, қайда жибересіз?</p> <p>3. Құс фабрикасында жалпы қанша дана тауықтың басы ұсталады?</p>	<p>Ықтимал әсерлері туралы есеп жобасын әзірлеушісі: Жеке кәсіпкер Исламов Д.М. жауап берді:</p> <p>1. Ия, Асылхан мырза, осы құс фабрикасында құс сойылмайды, тек жұмыртқа өндіріледі. Ет дайындайтын арнайы орындарда жоқ.</p> <p>2. Құс фабрикасы іске қосылғанан кейін құс саңғырығың алып кететін шаруа қожалықтарымен келісімдер жасалады. Қуаныш мырза қазірдің өзінде көршілес шаруашылықтармен тыңайтқышқа көң жеткізу үшін алдын ала келісімдер жұмыстарын жүргызып жүр.</p> <p>3. Жалпы саны құс басы 50 мыңнан аспайды.</p>	<p>1. Алынған ескерту</p> <p>2. Алынған ескерту</p> <p>3. Алынған ескерту</p>
	<p>Тарыбаев А.С. – Осы қоғамдық тыңдаулардың төрағасы, «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды</p>		

<p>реттеу басқармасы» ММ, Жобалардың экологиялық сараптамасы және табиғатты қорғау бағдарламалары бөлімінің басшысы, бұл жобаны жүзеге асыруға қатысты сұрақтар болмаса, қоғамдық тыңдаулар өтті деп есептелетінін түйіндеді. Барлық қатысушыларға алғыс білдірді.</p>		
--	--	--

15. «Ықтимал әсерлері туралы есеп» Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жібек Жолы ауылдық округі, Тұрар ауылы АҚХ Дружба шаруа қожалығы, 1297 жер учаскесінде орналасқан күс фабрикасына арналған жобасы бойынша қоғамдық талқылау барысында келіспеушіліктер болған жоқ.

16. Қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Тарыбаев А.С. – «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Жобалардың экологиялық сараптамасы және табиғатты қорғау бағдарламалары бөлімінің басшысы

Қолы




27.01.2026 жылы.

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:

Бокабаева М.К. – Жібек Жолы ауылының тұрғыны

Қолы



27.01.2026 жылы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
"ҚАРАСАЙ АУДАНЫНЫҢ
ЖІБЕК ЖОЛЫ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

№ 76

«26» 01 2026 ж.

**«GLOBAL LOGISTIC COMPANY» ЖШС
директоры Асқарбек Назгүл Даулетқызына**

Алматы облысы Қарасай ауданы «Жібек жолы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, сізге келесіні хабарлайды:

Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жібек Жолы ауылдық округі, Тұрар ауылы аумағында орналасқан «АКХ Дружба» шаруа қожалығының 1297 жер учаскесінде жоспарланып отырған құс фабрикасының құрылысына байланысты «Ықтимал әсерлері туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу көзделген болатын.

Алайда, 2026 жылғы 16 қаңтар күні тұрғындардың жиналмауына байланысты қоғамдық тыңдаулар өткізілмей, аталған іс-шара 2026 жылғы 22 қаңтар күні сағат 16:00-ге ауыстырылды. Өз кезегінде, 2026 жылғы 22 қаңтар күні электр жарығының өшіп қалуына байланысты жоспарланған қоғамдық тыңдаулар өткізілмеді.

**Жібек жолы
ауылдық округ әкімі**



Д. Нұрақынов

Орынд: Джайлыбаев А
Тел: 87471019826

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 25032419002, Дата: 24/11/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Проведение оценки воздействия на окружающую среду (в том числе сопровождаемой оценкой трансграничных воздействий)

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: Алматинская область, Карасайский район, с.о.Жибек жолы, с.Турар (к.х. АКХ Дружба, уч. 1297)

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания: Алматинская область, Карасайский район, сельский округ Жібек Жолы, село Турар, к.х. АКХ Дружба, уч. 1297

Предмет общественных слушаний: Отчет о возможных воздействиях для птицефабрики, расположенной по адресу: Алматинская область, Карасайский район, сельский округ Жібек Жолы, село Турар, к.х. АКХ Дружба, уч. 1297

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Алматинская область, Карасайский район, с.о.Жибек жолы, ст.Шамалган, ул. Ж. Дуйсекова №41 а, здание акимата, 16/01/2026 15:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (10 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Карасайская районная еженедельная общественно-политическая газета "Naqy"; ТРК "Жетысу"

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

Доски объявлений в районном и сельском акиматах

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания

общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»
Товарищество с ограниченной ответственностью "GLOBAL LOGISTIC COMPANY" (БИН: 230840013364), +7(702)-567-02-05, askarbeknazgul99@gmail.com,

Составитель отчета о возможных воздействиях : ИП Исламов Д.М.

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25032419002, Дата: 02/12/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25032419002, от 24/11/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Отчет о возможных воздействиях для птицефабрики, расположенной по адресу: Алматинская область, Карасайский район, сельский округ Жибек Жолы, село Турар, к.х. АКХ Дружба, уч. 1297, в предлагаемую Вами 16/01/2026 15:00, Алматинская область, Карасайский район, с.о.Жибек жолы, ст.Шамалган, ул. Ж. Дуйсекова №41 а, здание акимата(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "GLOBAL LOGISTIC COMPANY" (БИН: 230840013364), +7(702)-567-02-05, askarbeknazgul99@gmail.com,



Составитель отчета о возможных воздействиях: ИП Исламов Д.М.

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Қатысушыларды тіркеу парағы / Лист регистрации участников

№ шп	Қатысушының аты-жөні Фамилия, имя и отчество (при наличии) участника	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашының) Категория участника (представитель заинтересованной общественности, общественности, государственного органа, Инициатора)	Байланыс телефон нөмірі Контактный номер телефона	Қатысу форматы (жеке немесе конференц- байланыс арқылы) Формат участия (очно или посредством конференцсвязи)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) Подпись (в случае участия на открытом собрании)
1	Бокебаева А.К.	Аудал туралы С. Жібек шевы	87043602402	жеке қатысу	
2	Мақаликов А.К.	Аудал туралы С. Жібек шевы	87081085780	жеке қатысу	

3	Нуртәев Т.С	Ауыл тәрбиясе с җидек хона	87014700783	җеке катары	
4	Султанов К.Ф	Ауыл тәрбиясе #	87756049957	җеке катары	
5	Жарас К.С	зам. директор	87021814747	җеке катары	
6	Султанов Е.К	ауыл тәрбиясе	870881025 07	җеке катары	

7	Исмаилов Д.Н.	Кеме кжипкер зирлеуші	87017763189	Кеме катысу	Исмаилов
8	Тарихбаев А.С. Алматы облысының Табын ауданының Кеме Табын ауданы наң долоншусу Кеттеу басқармасы	Болім басқармасы Жолшармасы Сауатпа Болім	—	Жолшарма	—
9					
10					

NAQTU

zgazeta@mail.ru

Naqtygazeti.kz

NAQTY.KZ Naqty.kz

Naqty.kz

Naqty.kz

№ 48-49 (8686-87)
5 jelloqsan (juma) / декабря (пятница)
2025 jyl / год

1933 jylдың qyrkúiek айнан shyǵady / Газета выходит с сентября 1933 года

ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекеттің міндеті – ауылдың жағдайын озық оймен жақсарту

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА

Салық мөлшерлемесі азайды

Қарасай ауданында шағын кәсіпкерлік субъектілеріне арналған арнайы салық режимі бойынша мөлшерлеме 4%-дан 2%-ға төмендетілді. Бұл бастама аудандық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары мен бірқатар кәсіпкерлер тарапынан жасалған ұсыныстар негізінде қабылданып, аудандық мәслихаттың толық қолдауына ие болды.

Ақтоты МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ

Ағымдағы жылдың басында Үкімет салық реформасын қолға алып, қосылған құн салығын (ҚҚС) 20%-ға дейін көтеруді ұсынған. Алайда көптеген кәсіпкерлер тарапынан наразылықтар айтылғандықтан, жарты жылға созылған қызу пікірталастан кейін, ҚҚС 16% болады деп шешілді. Шілде айының 18-і күні Мемлекет басшысы жана Салық кодексіне қол қойды. Соған сәйкес жана заң ережелері 2026 жылдан бастап күшіне енеді. Бұл бастама әлбетте, елдегі салық жүйесін түбегейлі өзгертпек. Яғни, жана кодекске сай, 2026 жылдың қаңтар айынан бастап шағын және орта бизнес үшін ҚҚС мөлшері 12%-дан 16%-ға көтеріледі.

өткізіп, олардың ұсыныстарын тындап, мәселені мәслихаттың талқылауына шығарды. Осылайша, аудандық мәслихат депутаттары мен кәсіпкерлердің үйлесімді жұмысының нәтижесінде мәслихаттың кейінгі отырысында арнайы салық режимінің мөлшерлемесін 2%-ға төмендету туралы шешім қабылданды.

Депутаттардың айтуынша, ауданның шағын бизнесі енді айтарлықтай оңай жұмыс істей алады. Ашып айтқанда, өнімдегі шағын бизнестің айтарлықтай бөлігі дүкендер, қызмет көрсету орталықтары, салондар, шағын шеберханалар және фермалар болғандықтан, өсім оларға қосымша қаржылық ауыртпалық түсірер еді. Ал төмендетілген мөлшерлеменің сақталуы бизнестің жабылмауына, қызметкерлердің қысқармауына, мыңдаған кәсіпкерлердің өздерінің сенімді сезінуі және тұрақты түрде дами алуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ кәсіпкерлерге өз қаражаттарының бір бөлігін сақтап қалуға және жалдау ақысына немесе жалақына инвестиция салуға мүмкіндік береді.

Жана мөлшерлеме 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.



«Әкім бол, халқыңа жақын бол». Ел арасында жиі айтылатын осы тіркестің кейде мән-мағынасына көп көңіл бөлмей жатамыз. Дегенмен көпшіліктің құлағына үйреніп қалған бұл сөздің, әсіресе, ауыл әкімдері үшін бекер айтылмағанын ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тереңнен түсіндіріп бергендей.

Иә, осыдан бір апта бұрын Мемлекет басшысының қатысуымен ауыл әкімдерінің диалог-платформасы өткен болатын. Сол жиында ауылдың ахуалын жақсарту, өркендету, ауыл әкімдері институтын жетілдіру сияқты маңызды мәселелер айтылды. Оған қатысты е Қасым-Жомарт Кемелұлы ауыл басшыларына міндеттер жүктеп, Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты жұмыстарға кенінен тоқталды.

Келелі басқосуға біздің ауданға қарасты ауылдық округтердің әкімдері де қатысты. Олар ел Президентінің пәрменіне құлақ түріп, ауылды дамытуға қатысты әріптестерінің ұсыныс-тілектеріне мән берді.

Диңар МӘЛІКУЛЫ

Ауыл әкімдерінің орташа жасы – 43

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы осы жиынның мән-маңызы айрықша екеніне тоқталып, Қазақстан бойынша барлық деңгейдегі атқарушы билік өкілдері арнайы шақырылғанын айтты. Мемлекет басшысының айтуынша аталған басқосуға ауыл әкімдерінің көбі жиналған, яғни 80 пайызы келген. Президентіміз бұндай құраммен бір ортада алғаш рет кездесіп отыр.

– Ауылдың жағдайы – еліміз

үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі халқымыздың тамыры – ауылда. Ауылдарымыз мықты болса, еліміз де берекелі болмақ. Сондықтан ауыл әкімдеріне қойылатын талап та, оларға жүктелетін міндет те әрдайым ерекше.

Әкім – ең алдымен, халықпен тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші. Бұл – өте жауапты жұмыс. Ауыл әкімі ауылдың болмысын, ауылдағы ағайынның өмірін жете түсінетін нағыз іскер маман болуы керек. Жаңа гана бірнеше әкімнің сөзін тындадық. Айтылған ой-пікірлерді және ұсыныстарды мұқият зерделеп, жұмыс барысында міндетті түрде ескеру қажет.

Баршанызға мәлім, 2019 жылдан бері елімізде ауқымды саяси реформалар жүргізіліп жатыр. Қазақстан жана тұрпатты ел болу үшін тарихи бетбұрыс жасады. Ең алдымен, елдегі түбегейлі өзгерістердің құқықтық негізін қалыптастырдық. Саяси үдерістерді жаңғыртуға арналған 20-ға жуық заң қабылданды. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата заңымызға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыреті кеңейді, атқарушы биліктің жауапкершілігі күшейді. Саяси партиялардың ролі артып, жұмысы жандана түсті. Сондай-ақ партияларды тіркеу талаптары едәуір жеңілдеді. Нәтижесінде Мәжілістегі саяси партиялардың саны көбейді.

Билік жүйесінде жана институттар пайда болды. Конституциялық Сот құрылды. Адам құқықтары жөніндегі уәкілге конституциялық мәртебе берілді. Кассациялық сот жүйесі жұмыс істей бастады. Осылайша, біз еліміздің саяси өмірінде бұрын-соңды болмаған бірегей өзгерістерді жүзеге асыра бастадық. Қазақстан бұл саяси кеністікте дәл осындай кен ауқымды реформаларды қолға алған бірден-бір ел деп сеніммен айтуға болады. Соның арқасында азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдауға белсене атсалыса бастады, – деді Президент.

(Жалғасы 2,3,4 - беттерде)



ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖОБА

Прокурордың жас көмекшілері тәрбиеленеді

Бүгінде саналы, жауапты, адал, білікті азамат бейнесін қалыптастыру, жастардың құқықтық ойлауын дамыту бағытында еліміздің орта білім мекемелерінде «Жас қадет», «Жас сакшы», «Прокурордың жас көмекшісі» секілді жобалар жүзеге асырылуда.

Аптаның сәрсенбісі күні осындай бастамаларды белсенді түрде қолдайтын Қаскелеңдегі В.Г.Белинский атындағы орта мектеп-гимназиясында да «Прокурордың жас көмекшісі» атты екі арнайы сынып ашылды. Мұнда оқушылар құқық қорғау органдарының қызметімен жақынырақ танысып қана қоймай, прокуратура жұмысының негізгі бағыттарын меңгереді.

Ақтоты МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ

Желтоқсан айының алтысы күні аталып өтетін Прокуратура қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында білім ошағында ұйымдастырылған маңызды салтанатты жиынға ауданның прокуроры Айдос Чорманов, аудандық білім бөлімінің басшысы Әсел Еркімбаева, прокуратура ісінің



ардагері, юстиция полковнигі Кенжалы Үсіпбайұлы қатысты. Қонақтар оқушыларға жақсы кеңестер беріп, құқықтық білім алуын маңыздылығын түсіндірді. Гимннің орындалуынан басталған шарада алғы сөз ауданның прокуроры Айдос Тұрсынжанұлына берілді. Бас прокурор өз сөзінде бүгінгі бастама құқықтық мемлекет негіздерін бала кезден қалыптастыруға

бағытталған маңызды қадам екенін атап өтті.

– Осындай қосалқы сыныптар тек жана оқу бағыты емес, бұл әрбір оқушыға құқық саласының қыр-сырын тереңірек түсінуге және де азаматтардың арасында «Заң мен тәртіп» идеологиясын насихаттауға берілген үлкен мүмкіндік. Қоғам күн сайын жаңарып, өзгеріп жатқан кезеңде заңды құрметтейтін, сыни ойлай алатын, өз елінің болашағына жауапкершілікпен қарайтын жас ұрпақты тәрбиелеу – аса маңызды міндет.

Баршанызға білім жолында табыс, жігер, талмай іздену және жана белестерді бағындыруды тілсөймін. Жас прокурор сыныбындағы әрбір күндеріңіз шабытқа толы болып, жана мүмкіндіктер мен жарқын болашаққа жол ашсын, – деді Айдос Чорманов.

Мұнан кейін аудан прокуроры ардагер Кенжалы Үсіпбайұлымен бірге арнайы жас прокурорларға өз қолымен оқушылардың ресми түрде анттарын қабылдап, өз қолымен куәліктерін табыстады. Бұл балалар үшін үлкен сенім, жауапкершілік және рух беретін маңызды сәт болды.

Шараның салтанатты бөлігі аяқталған соң сөз кезегін аудандық білім бөлімінің



басшысы Әсел Әблекқызы мен ардагер, юстиция полковнигі Кенжалы Үсіпбайұлы алып, жас буынға жүрекжарды тілектерін айтты. Сондай-ақ мұндай бастамалар заң мен тәртіпті ұсынатын жастардың жана тұлғасын ерте бастан қалыптастырудың негізін қалауға жәрдемдесетінін және жобаның маңыздылығын сөз етті.

Салтанатты кеште қонақтар тарапынан айтылған құттықтау сөздер аяқталған соң мектептің өнерпаз оқушылары концерттік бағдарлама ұйымдастырды. Жас дарындылар ән айтып, би билеп, барынша өнерлерін көрсетіп, қонақтарға жақсы көңіл-күй сыйлауға тырысты.

Шараның шымбылдығын мектеп директоры Тұрсын Сайбырова жауып, «Прокурордың

жас көмекшісі» сыныптарының ашылуына атсалысқан жандарға, аудандық прокуратура мен білім бөлімінің басшылығына, мектеп ұстаздары, шәкірттер мен олардың ата-аналарына алғысын білдірді.

Айта кетейік, «Прокурордың жас көмекшісі» сыныбы – балалардың азаматтық жауапкершілігін, құқықтық ойлауын дамытуға бағытталған маңызды жоба. Мұнда 8 және 9 сынып оқушыларына адам құқықтары, көмелетке толмағандардың құқықтық қорғалуы, қауіпсіз интернет, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу сияқты маңызды тақырыптар бойынша түсіндіру сабақтары мен кездесулер өткізу жоспарлануда. Сол арқылы олар өздерінің азаматтық көзқарасын күшейтетін болады.

ТАҒАЙЫНДАУ

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағына және Қарасай ауданы әкімі аппаратының конкурстық комиссиясының 2025 жылғы 27 қарашадағы қорытынды отырысының №1 хаттамасы негізінде Тлепбергенов Олжас Саменұлы Қарасай ауданының кәсіпкерлік бөлімінің басшысы лауазымына 2025 жылдың 1 желтоқсанынан бастап аудан әкімінің №45 жеке құрам өкімімен тағайындалды.

Олжас Тлепбергенов 1984 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. 2002 жылы Қазақ гуманитарлық заң

университетін «құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 2007 жылы Алматы облысының Әділет департаменті Жамбыл ауданының Әділет басқармасында жетекші маман ретінде бастап, бұл мекемеде 2011 жылға дейін істеді. 2013-2014 жылдары «Стройинжиниринг» ЖШС-нің заңгері болды. 2014-2016 жылдары Қарасай ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығының инспекторы болып жұмыс атқарған. 2020-2024 жылдары Алматы облысының кәсіпкерлер палатасының Жамбыл аудандық филиалының директоры лауазымында еңбек етті.



БАСПАСӨЗ – 2026

Өз ауданыңыздың газетіне жазылуға асығыңыз!

Құрметті оқырмандар! Қарасай аудандық «Naqty» газетіне 2026 жылға жазылу басталды. Газетке жазылу редакцияның өзінде жүргізіледі. Қаскелең қаласы және ауылдық жерлер бойынша бір жылға жазылым бағасы – 5200 теңге, жарты жылға – 2600 теңге. Бізбен бірге болыңыз!

ПОДПИСКА – 2026

Спешите подписаться на свою районку!

Дорогие читатели! Началась подписка на Карасайскую районную газету «Naqty» на 2026 год. Подписка ведется на базе редакции газеты. По городу Каскелең и в сельской местности подписная цена составляет 5200 тенге на год, 2600 тенге на полгода. Оставайтесь с нами!



Мемлекеттің міндеті – ауылдың жағдайын озық оймен жақсарту

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы халыққа арнаған Жолдауында ауыл әкімдерін тікелей сайлау туралы бастама көтергені белгілі. Президенттің айтуынша, бұл мемлекетті басқару ісін түбегейлі жаңғырту жолындағы аса маңызды қадам болып табылады. Себебі жергілікті әкімдер бүкіл билік жүйесінің тірегі саналады. Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев орынсыз асығыстыққа жол бермегенін тілге тиек етіп, ауыл әкімдерін сайлау жұмысын 5 жылдың ішінде біртіндеп жүзеге асырылғанын еткізді.

– Бүкіл еліміз бойынша 2334 ауыл әкімі сайланды.

қызметке көптеп тарту қажет. Осыны тілге тиек еткен Президентіміз өз сөзінде мұндай маңызды жұмысты жалғастыра беретінін айтты.

Ауыл басшылары білікті, білімді маман болуы қажет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев баяндамасында ауылдың ахуалын жақсарту бәріне ортақ парыз екенін жеткізді. Сондай-ақ елді мекендерді өркендетуге қатысты бірқатар негізгі бағыттарды атап өтті.

– Құрметті әкімдер! Ауыл – төл өркениетіміздің алтын қазығы. Ауылды өркендету – баршаға

Әкімдердің арасында бұрын билік жүйесінде жұмыс істемеген азаматтар бар екенін айтты. Олардың тәжірибесі аз екені түсінікті. Осы бағытта «Аманат» партиясының бастамасымен «Әкімдер мектебі» жобасы қолға алынды. Әрине, мұндай курстар жоғары білімнің орнын баса алмайды. Сондықтан университеттерде оқытылатын «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бағдарламасын талапқа сай өзгерту керек, – деп мәлімдеді Президент.

Бүгінгі таңда ауыл-аймақтарды басқару, көшбасшылық қабілетті дамыту мәселесі назардан тыс қалған. Оған да Мемлекет басшысы жеке тоқтады. Оның айтуынша, бұл жұмыспен ен алдымен

дай алмай, кейбір жағдайда дәрменсіз күйге түсу де. Президентіміз оған жол беруге болмайтынын айтты. Тіпті, жергілікті мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлері арасындағы жауапкершілік шегі анықталмаған. Ол дегеніміз өңірлердегі жағдайға кері әсер ететіні анық. Сондықтан Қасым-Жомарт Кемелұлы ауыл әкімдерінің өкілеттіктері айқын болуы керек деп санайды. Осы мақсатта депутаттарға заңнамалық түзетулерді талқылаған кезде жоғарыда аталған жайттарды ескеруді ұсынбақшы. Одан бөлек жиында айтылған ауылдық округ әкімдері көтерген ұсыныстар да назарға алынатын болды.

– Бүгін сөз алғандар ауыл әкімдеріне функционалдық міндетіне кірмейтін қызметтерді қоса атқару жүктелгені жөнінде айтты. Шын мәнінде, ауыл әкімдері құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын міндеттерді неге атқаруға тиіс?! Үкімет Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, аудан және ауыл әкімдерінің құзыретіне жатпайтын, қайталанатын және жетіспейтін өкілеттіктерін анықтау мақсатында жағдайға егжей-тегжейлі талдау жүргізуге тиіс. Бір ай ішінде оларды түзету, жою немесе жергілікті мемлекеттік басқару сатылары арасында қайта бөлу туралы ұсыныс енгізуді тапсырамын.

Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі ауыл әкімдерінің мәртебесі туралы мәселені айналып өте алмаймыз. Бұл – өте өзекті дүние. Аталған ұсыныс Бұғандейін де бірнеше рет көтерілгенін, тіпті, Президент Әкімшілігіне тиісті өтініштер түскенін жақсы білемін. Мемлекеттік қызметшілердің санаттарына нақты белгілеу керек. Үкімет Парламентпен, Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен осы мәселелерді жан-жақты қарастырып, бір ай ішінде өздерінің ұсыныс-пікірлерін беруге тиіс. Содан соң шешім қабылданады, – деп түсіндірді К.Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы өз сөзінде ауылдағы әкімдіктегі қызметкерлердің еңбегін бағалап, оларға қолдау үшін ерекше көңіл бөлгенін жөн екенін айтты.

– Әкімдіктерде, әсіресе, ауыл әкімдіктерінде бұрын жұмыс істеген немесе қазір де еңбек етіп жүрген азаматтар мұны мемлекеттік қызметшінің нағыз өмір мектебі деп бекер айтпайды. Бұл баршаға түсінікті. Өйткені әкімдік қызметкерлері билік пен бұқара арасында сенімді әрі сындарлы диалог жүргізуді меңгеріп, нағыз басқару машығын жетілдіреді. Сол себепті ауыл әкімдіктері қызметкерлерінің жұмыс істеуіне, олардың кәсіби тұрғыда болуына жағдай жасау маңызды деп санаймын, – деді Президентіміз.

Жалаң сөздер халықтың сенімін азайтады

Ауылды дамытудың үшінші бағытында әкімдердің өкілеттігімен қатар жауапкершілігі де күшеюі керек екені айтылды. Президенттің сөзінше, «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңда әкімнің сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін нақтылайтын норма жоқ. Бұл – дұрыс емес.

Әкімдер тұрғындарға сайлау алдындағы бағдарламасының орындалуы туралы жиі есеп беріп тұруға тиіс. Дәл осылай айтқан Мемлекет басшысы оны заңмен бекіту керек екенін және уәдесін орындамайтын, міндетін дұрыс атқармайтын ауыл басшысының қызметінен босату қажет екенін алға тартты.

– Ондай әкімдер халықтың талабымен немесе саяси партиялардың ұсынысымен жұмыстан шығарылуға тиіс. Сонда өкім болуға үміткерлер де елге экономикалық негізі жоқ құрғақ уәде бере алмайды. Мұндай жалаң сөздер, яғни популистік әрекеттер халықтың ауыл әкімдеріне, тіпті тұтастай сайлау институтына деген сенімін азайтуы мүмкін.



Олардың орташа жасы – 43 жас. Жанадан сайланған әкімдердің үштен бірі – бұрын мемлекеттік қызметте болмаған азаматтар.

Ауылдағы сайлау саяси партиялардың аймақтардағы жұмысына тың серпін берді. Олар өз үміткерлерін ұсынып, сайлауға белсене араласты. Саяси ұйымдардың 1500-ден астам өкілі әкім болып сайланды. Жаңа басшылардың қатарында алты партияның мүшелері бар. Ал 700-ден астам азамат өзін-өзі ұсынып, сайлауда жеңіске жетті. Сайланған әкімдер жұмысқа кірісіп кетті, жалпы нәтиже жаман емес деуге болады. Ең бастысы, олар жергілікті жұрттың мұң-мұқтажын, шешімін таппай жатқан түйткілдерді жақсы біледі.

Ауыл-аймақтың дамуына бөлінген бюджет қаражаты да тиімді игеріле бастады. Ауылдардың кірісі көбейді, мемлекет тарапынан берілетін қаржыға, яғни дотацияға тәуелділік азайып келеді. Жакында жүргізілген сауалнамаға сәйкес ауыл тұрғындарының 84 пайызы өз әкімдеріне сенетіні анықталды. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Сондықтан ауыл әкімдерін сайлау үдерісі алдағы уақытта да жалғасын табады, – деп мәлімдеді К.Тоқаев.

Бүгінгі таңда аудан әкімдерін сайлауға қатысты әртүрлі көзқарас бар. Тіпті, бірқатар қоғам қайраткері мен белсенді азаматтар «аудан әкімдерін сайлау қажет пе, жоқ па» деген мәселені қайта қарауды ұсынуға екен. Бұл жайында да Мемлекет басшысы сөз етті. Сондай-ақ аталған мәселені бірқатар депутаттар көтерген. Олардың қатарында Ерлан Саиров, Альберт Рау, Мархабат Жайымбетов бар. Халық қалаушылары елде сайлау тым көбейіп бара жатқанын, жұрт саяси науқандардан мезі бола бастағанын айтуға. Бұл пікірді ауыл және аудан тұрғындары да қолдап жатыр. Сайлау науқандары жергілікті жерде жүргізілуге тиіс нақты жұмыстарға келергі келтіруі мүмкін деген пайымдар да бар. Бұл пікірлерді ескерген жөн.

– Осыған дейін аудан әкімдерін сайлау тәсілі арқылы 52 өкім сайланды. Енді олардың қалай жұмыс істейтінін қарап көру қажет. Аудан әкімін сайлаудың тиімді-тиімсіз тұстарын мұқият саралау керек. Мәселе – аудан әкімдерінің сайлауын міндетті түрде өткізу емес, басты мақсат: біз өз нәтижелерге қол жеткізуіміз керек. Үкімет және Парламент депутаттары бірлесіп, осы мәселені жан-жақты қарап, әділетті, дұрыс шешім қабылдау қажет. Ең бастысы, әрбір реформа салмақты көзқараспен, байыппен жасалуы керек.

Бәрінің де белгілі, елдегі өзгерістердің арқасында мемлекеттік қызметке мүлде жаңа адамдар келіп жатыр. Осы орайда, Президенттің жастар қадрық резервін ерекше атап өткен жөн. Резервке қосылуға өтініш берген 30 мыңға жуық үміткердің ішінен 450 адам іріктеліп алынды. Олардың 72 пайызы басшылық қызметке тағайындалды, – деді Президент.

Иә, қазіргі уақытта республика бойынша кадрлар құрамын жанарту үдерісі біліктің бүкіл тармағында және барлық деңгейде жүргізіліп жатқанын байқауға болады. Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқандай, бұл – уақыт талабы, алайда осындай жауапты жұмыс саяси науқаншылыққа жол бермеу керек.

Әрине, өз ісін жетік білетін кәсіби мамандардың қарым-қабілетін бағалау қажет. Сол үшін ең алдымен, тиімді ұсыныс айтып, пайдалы бастамалар көтеретін, батыл шешім қабылдай алатын азаматтарды, яғни кәсіби тұрғыдан білікті мамандарды мемлекеттік

ортақ парыз. Мемлекет бұл мәселеге ерекше жауапкершілікпен қарайды. Өздеріңіз білесіздер, 2022 жылы халыққа ұсынған сайлау алдындағы бағдарламада ауыл мәселесіне айрықша назар аудардым. Алғашқы Жарлығым да ауылды дамытуға арналды. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді. Қазіргі таңда осы құжатқа сай нақты жұмыс атқарылып жатыр.

Жуырда ғана Ауыл еңбеккерлерінің екінші форумын өткізіп, осы саладағы өзекті мәселелерді қарадық. Ал бүгін ауыл-аймақтардың даму бағдарын айқындаймыз. Бұл – мемлекеттің алдында тұрған стратегиялық міндеттің бірі, – деді Мемлекет басшысы.

Еліміз бойынша соңғы жылдары ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру үшін тиісті жұмыс жүргізіліп жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Осы ретте 2022 жылы халықтың табысын арттыруға арналған кешенді жоспар қабылданғанын айта кету керек. Ал биыл Үкімет алдағы бес жылға арналған Өңірлерді дамыту тұжырымдамасын бекітті.

Президенттің сөзінше, ауылға қомақты инвестиция тартылды. 2021 жылдан бері ауыл халқына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 864 нысан салынды. Сондай-ақ 388 жаңа мектеп ашылды. Былтыр 2 мыңға жуық ауыл мектебіне сапалы интернет берілді.

– Жыл өткен сайын ауылдың әлеуеті артып келеді. Өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі жоғары ауылдардың саны көбейе түсті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі алты жылда 1,5 еседен астам өсіп, 8,3 триллион теңгеге жетті. Биыл ауылдағы шаруаларға 1 триллион теңге көлемінде қолдау көрсеттік. Дәл осындай мемлекеттік қолдау көрсеткен елдер көп емес, тіпті, бұл көптеген ел қол жеткізе алмайтын қаржылай көмек деуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Десе де ел Президенті алдымызда биік мақсаттар тұрғанын нақтылады. Ауылдағы жағдайды жақсартып, жұмысты күшейту керек екенін айтып, елді мекендерді дамытуға қатысты жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталып өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы, ең бірінші, ауыл әкімдері міндетті түрде білікті маман болуға тиіс екенін алға тартты. Оның сөзіне сүйенсек, қазіргі ауыл әкімдерінің 60 пайызға жуығы – осы қызметке алғаш рет сайланғандар. Бұл – жергілікті билік құрамы біршама жаңарды деген сөз. Осы ретте Мемлекет басшысы сайлауда жеңіске жету алдағы үлкен жұмыстың басы ғана екенін айтып, «Әкім болдым, толдым» деп отыруға болмайтынын жеткізді.

Сол үшін лауазымдық қызметке қаншалықты лайықты екенін іспен көрсету қажет. Ол жайында Қасым-Жомарт Тоқаев жеке тоқталды.

– Әкімдер өздерінің мықты басшы екенін іс жүзінде дәлелдеуі керек. «Басшының бағы – ел-жұрттың қамы» деп бекер айтылмаған. Нағыз елге сыйлы өкім болу үшін ауылдың ахуалын жақсы білу де азық етеді. Халықтың сенімін ақтап, елдің береке-бірлігін нығайту үшін жұмыс істеу керек.

Әкім мемлекеттік деңгейде жасалып жатқан өзгерістерді жергілікті жерде жүзеге асыруға қабілетті болуы қажет. Кәсіби тұрғыдан білікті әрі еңбеккер өкім сайлаушылардың сенімін ақтай алады. Сондықтан ауыл әкімдерінің басқару ісіндегі шеберлігін арттыру өте маңызды.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі шұғылдануы керек. Құзырлы министрлікпен бірлесіп, ауыл әкімдерін даярлауға белсенді түрде кірісу қажет.

Ауыл әкімдерінің мәртебесі қайта қаралады

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ауылды дамытуға қатысты жұмыстардың екінші бағытын ауыл әкімдерінің өкілеттіктерін күшейтумен байланыстырды. Алайда оны халыққа пайдасы тиетіндей мұқият ойластырып іске асыру керек екенін де айтты.

– Соңғы жылдары жергілікті билік органдары



кезең-кезеңімен қосымша өкілеттікке ие болып, олардың дербестігі арта түсті. Бұл – менің нақты ұстанымым. Өйткені ауыл әкімдері елдегі ағайынның тұрмыс-тіршілігіне қатысты түйткілдерді шешумен айналысады.

Қазіргі уақытта Мәжіліс «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға енгізілетін түзетулерді қарастырып жатыр. Аталған нормалар әкімдерге көше саудасына мониторинг жүргізуге, қоғамдық аумақтарды абаттандыруға, арнаулы техникалар сатып алуға қатысты өкілеттіктер беруді көздейді.

Дегенмен заңнаманың екіұшты тұстары да бар. Мәселен, әкімдерге жергілікті деңгейдегі басқару органдарының жұмысына оң ықпал етуге нақты мүмкіндік берілмейді. Бүгін өкім Ирина Шишкина ауыл әкімдерінің мемлекеттік дерек қорына қолы жетпей отырғанын айтты. Бұл мәселені шешу қажет, – деп мәлімдеді ел Президенті.

Ал осындай кемшіліктердің салдарынан бүгінгі таңда әкімдер тұрғындардың талап-тілегін орын-

Үкімет әкімдердің сайлау алдындағы бағдарламасының экономикалық бөлігіне қойылатын талаптарды айқындауы керек. Сапалы дайындалған бағдарламаны аймақтың даму жоспарымен үйлестіруге болады. Жалпы, осындай шаралар әкімдердің есептілігін күшейтеді. Сондай-ақ өз үміткерлерін ұсынған партиялардың жауапкершілігін арттырады.

Мемлекет басшысы ретінде менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына айрықша мән беретінімді білесіздер. Елімізде азаматтардың өтінішін қарауға қатысты ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Қазір ауыл әкімі бірінші ақпараттық жүйе арқылы тұрғындардың мәселелерін еш қиындықсыз сараптай алады. Өтініш жолдаған әрбір адамның сауалына нақты жауап берілуі тиіс. Әдетте, мұндай хаттардың көбі аймақтың инфрақұрылым, соның ішінде, жол, аула және балалар алаңы туралы болады. Бұл – жергілікті жерде шешімін табуға тиіс негізгі мәселелер, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 3-бетте)

Мемлекеттің міндеті – ауылдың жағдайын озық оймен жақсарту

(Жалғасы. Басы 1, 2-беттерде)

Алайда бүгінгі таңда әкімдіктер көп жағдайда мұндай өтініштерге атусті қарайтын көрінеді. Өйткені амалы таусылған жұрт орталыққа, тіпті, Президент Әкімшілігіне шағымдануға мәжбүр болып жүр. Президенттің сөзінше, осыдан-ақ жергілікті тұрғындардың өз әкіміне деген сенім деңгейін осындай хаттардың санынан байқауға болады.

Ал жыл өткен сайын халықтың талап-тілегі артып келеді. Бұл, әрине, калыпты жағдай, бүкіл әлемге ортақ үрдіс. Сондықтан әкімдер халыққа құрметпен, шыдамдылықпен, түсіністікпен қарап, азаматтармен ашық әңгіме жүргізуге тиіс. Олар барлық мәселені мүмкіндігінше өз деңгейінде шұғыл және сапалы шешуі қажет. Бұл – Президенттің тікелей пәрмені. Дегенмен бұл міндетті атқару үшін жергілікті әкімдердің қолында тиісті құзыреті болуы керек. Оны да Қасым-Жомарт Кемелұлы ескеріп отыр. Сондықтан тқарылып жатқан жұмыстың мән-жайын үнемі жұртқа түсіндіріп отырған жөн.

– «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген. Әрине, айтылған ұсыныс-пікірге назар аудару керек. Бірақ әркімнің, әсіресе, іс-әрекеті ерсі, ниеті теріс, тіпті, арандатушы адамдардың ығына жығылмай, жетегінде кетпей, ақылға қонымды ұсынысты ғана қабылдау қажет. Негізі, бұл – барлық деңгейдегі әкімдерге ортақ ұстаным. Тұрғындарды ортақ іске жұмылдырып, алға бастай білетін әкімді нағыз әкім деуге болады.

Мен жақында «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтарын мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл – әрбір мемлекеттік қызметшінің, әсіресе әкімдердің жұмысына бағдар беретін өте маңызды құжат, – деді Қ.Тоқаев.

Әкімдер ақпараттық платформамен жұмыс істей білуі қажет

Төртінші бағытта төртінші деңгейлі бюджеттің дербестігін арттыру мәселесі айтылды. Президенттің айтуынша, әкімдердің өкілеттігін қайта қарау мен жауапкершілігін күшейту экономикалық ресурстарды рационалды бөлумен қатар сауатты жүргізілуі тиіс. Әйтпесе, аталған бағыттағы реформалар ойдағыдай нәтиже бермейді.

Енді ауылдық округтердің өзін-өзі қамту мәселесі қолға алынбақ. Осы мақсатта бюджеттің төртінші буынына салық пен төлемдердің 25 түрі беріледі.

– Жаңа Бюджет кодексі аясында бұл тізбекке кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру салығы да қосылды. Төртінші деңгейлі бюджет енгізілгеннен бері (2018 жыл) ауылдық округтердегі түсім төрт есе ұлғайтып, 130 миллиард теңгеден асты. Оң өзгеріс байқалады. Алайда ауылдық округ-

қанша дегенмен жергілікті жерлерге де қандай да бір кіріс түсуі қажет қой. Яғни «салықты жұмыс істейтін және табыс табатын жерде төле» қағидатын іске асырған жөн. Үкіметке берілген тапсырма түсінікті: кем дегенде кірістің бір бөлігі жергілікті жерде қалуға тиіс, – деп түсіндірді

ауыл мен қала тұрғындарының тұрмыс сапасын округтерсіз құру мүмкін емес екенін айтты. Осы ретте Президентіміз жасанды интеллект пен жаппай цифрландыру дәуірінде бұл іске ауыл әкімдерін белсенді түрде атсалысуға шақырды. Мұндай бастама елді мекендерді цифрландыру ауыл мен қала тұрғындарының тұрмыс сапасын

дамдату қажет. Ойлаңып-толғанып жүруге уақыт аз деп отыр.

Елді мекендегі кәсіпкерлікті дамыту қажет

Ауылды дамытудың соңғы, яғни бесінші бағыты ауылдағы кәсіпкерлікті өркендетуге арналды. Президенттің пәрмені бойынша алдымен ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту қажет. Осы бағытта біршама жұмыс атқарылды. Оның пайдалы екені де көпшілікке белгілі.

Дегенмен Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, бірлескен шаруашылықтар әзірге ауыл экономикасының тірегі бола алмай тұр. Көбіне мұндай кооперативтерді бірнеше адам ғана құратыны жасырын емес. Олар жеке шаруашылық иелері және өнім өңдеушілер арасында делдал болып жүреді. Соған қарамастан мемлекеттен жеңілдіктер алады. Ал мұндай теріс әрекеттерге тыйым салынбағандыққа, бұл ауыл халқының әлауқатын арттыруға едәуір кедергі келтіріп келеді.

– Бірлестік (кооператив) құру бүкіл ел бойынша жүргізілуі керек. Сонда ғана ауылдағы ағайын бұл жұмыстың игілігін көреді. Жеке шаруалар біріге алмаса, мемлекеттің ауыл шаруашылығын дамыту жолындағы бар еңбегі зая кетеді. Сондықтан бұл жұмысты белсенді түрде қолға алуымыз қажет.

«Ауыл аманаты» жобасы өз кәсібін дамытқысы келетін ауыл тұрғындарына мол мүмкіндік беруде. Жоба аясында екі жылдың ішінде 20 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. 2029 жылға дейін осы бағдарламаға 600 миллиард теңгеге жуық қаражат бөлінеді.

Ауылды дамыту үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларының әлеуетін кеңінен пайдаланған жөн. Қазіргі таңда бұл корпорациялардың ауыл экономикасына еш көмегі тимей тұр. Мен Жолдауымда әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды толыққанды даму институтына айналдыру туралы тапсырма бердім. Үкімет және Президент Әкімшілігі бұл жұмыспен айналысып жатыр. Нақты нәтиже күтеміз. Осы корпорациялардың және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының ресурстарын ауыл бизнесіне қажетті инфрақұрылымды жетілдіру үшін жұмсаған абзал, – деді Мемлекет басшысы.

Бүгінгі таңда көптеген аймақта мал бордақылайтын және мал соятын орындар тапшы. Ол жағынан Президент хабарлар екенін жеткізді. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау, тасымалдау, өткізу ісімен айналысатын және ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жөндеп, қызмет көрсететін сервистік дайындау орталықтары жетіспейді. Ал онтүстік өңірде суару арналары мен ирригация жүйелеріне қатысты мәселе өте өзекті болып табылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде тиісті инфрақұрылым болса, әкімдердің жергілікті бизнесті қолдауға және инвестор тартуға мүмкіндігі артаынын түсіндірді. Бұл бағытта ауқымды жұмыс жүргізу үшін Аймақтық стандарттар жүйесіне өзгерту енгізу қажет. Президент осыны онтайлы ету үшін Үкіметке ауыл экономикасын жандандыру үшін нақты ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.

Депутат санын көбейтпей, Парламент жұмысын жетілдіру маңызды

– Құрметті жиынға қатысушылар! Мен биылғы Жолдауымда бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтердім. Бұл осыған дейінгі саяси өзгерістердің заңды жалғасы деуге болады. Біз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын орнықтыра түсеміз, яғни еліміз Президенттік Республика болып қала береді. Жаңа бастама қоғамда қызу талқыланып жатыр.

Парламенттің құрылымына қатысты көптеген ұсыныс келіп түсуде. Мысалы, депутаттардың саны халық санына сәйкес, яғни пропорционалды болуға тиіс деген ойлар айтылуда. Мұндай ұстаныммен қарайтын болсақ, олардың саны 200 адамға жетеді. Қазір қос палатада 148 депутат бар.

Парламенттік реформа – екі палатаны жай біріктіре салу деген сөз емес. Меніңше, депутат санын тым көбейтудің қажеті жоқ. Керісінше, онтайландыру керек, Парламенттің жұмысын жетілдіру қажет. Мысалы, бір палаталы жаңа Парламентте Президент квотасы болмайды. Барлық депутаттар бірдей тәртіппен сайлануы қажет. Бұл – алдағы Парламенттік реформа аясында жасалатын аса маңызды қадам. Мұны жақсы ұғынып, жұртшылыққа кеңінен түсіндіру қажет, – деді ел Президенті.

Одан бөлек Қасым-Жомарт Кемелұлы заң шығару органына білікті әрі тәжірибелі мамандар, яғни өз ісінің майталмандары қажет екенін ескертті. Осылайша, нағыз кәсіби Парламентті жасақтап, жаңа комитеттер құру маңыздылығын сөз етті.

Президенттің пайымдауынша, цифрландыру, аймақтарды дамыту жұмысымен айналысатын комитеттер өз алдына бөлек болғаны жөн. Бұл мәселелерді арнайы жұмыс тобы мұқият зерделейді. Қазіргі уақытта осы реформаға қатысты басқа да көптеген ұсыныстар түсуде екен. Соның бәрін әбден пысықталады және оның нәтижесі кейін жарияланбақ. Осы ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің де осы аса маңызды реформа бойынша ұсыныстары бар екеніне тоқталды.

– Жалпы, Конституциямызға енгізілетін түзету өте көп болуы мүмкін. Сондықтан референдум барысында халық жаңа Ата Заңға дауыс беретін болады деп айтсақ, қателеспейміз.

Осындай күрделі, жауапты жағдайда елімізде тыныштық, тұрақтылық болуы керек. «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын бәріміз бір қоғам болып сақтауымыз керек. Құқық қорғау органдары өз кәсібилігін көрсетуі қажет. Арандатушыларға немесе «лас, көлеңкелі» саясатпен айналысқысы келетін адамдарға жол бермейміз, – деп мәлімдеді Қ.Тоқаев.

(Жалғасы 4 - бетте)



Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент Қасым-Жомарт Тоқаев заңды тұлғалардың мүлік және жеке табыс салығының белгілі бір бөлігі аудандардың қосымша трансферттері арқылы төртінші деңгейлі бюджетке аударылғаны жөн екенін айтты. Оны жүзеге асыру ісін мемлекеттік биліктің жоғары атқарушы органына жүктелді. Яғни Үкімет тарапы өңірлер арасындағы алшақтықты реттеуді көздейтін Аймақтық стандарттар жүйесімен ұштастыруы қажет.

Кейбір өңір тұрғындары үшін бүгінгі таңда экологиялық айыппұлдарды толық төлеу аса өзекті мәселеге айналған. Өндіріс орындары экологияға шектен тыс зиян келтіретін елді мекендер тұрғындары мұндай төлемдердің бір бөлігі жергілікті бюджетке түскенін қалайды. Президенттің сөзінше, олар бұған толық құқылы. – Байқалған теңсіздікті реттеп, мемлекеттік

айтарлықтай теңестіреді. Сондықтан Үкімет бұл бағыттағы жұмысты басты басымдықтардың бірі ретінде қарастыруы қажет. Жергілікті жерлерден алынған нақты әрі жедел ақпарат орталықта тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ экономикалық дерекқор негізін қалап, ресурстарды әділ бөлуге ықпал етеді.

– Алдағы үш жылда Қазақстанды толықтай цифрлық елге айналдыру – жаңа даму кезеңіндегі басты міндеттердің бірі. Болашақта еліміздің әлемде алатын орны осыған тікелей байланысты. Сондықтан мұны тіршілік үшін талас десек, артық айтқандық емес.

Осы аптада Президент Дональд Трамп АҚШ-тың технология саласындағы жаһандық үстемдігін қамтамасыз етуге арналған стратегиялық бастама-сын жариялады. Ол үшін жасанды интеллектің бұрынғы платформасы құрылады. Бұл ғылыми зертханаларды, дата орталықтарды, цифрлық



тер аудан мен облыстың қаржылай қолдауынсыз әлеуметтік-экономикалық мәселелерді әлі де шеше алмайды. Оған қоса кейбір өңірлерде жергілікті бюджетте халықтың саны мен ауылдық округтердің экономикалық құрылымына байланысты алшақтық бар.

Біз тұрақты салық түсімінің басым бөлігін жергілікті жерлерге, ен бастысы, аудандық деңгейге бердік. Бұл – өте дұрыс. Десек те жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне қолдауды күшейту қажеттілігі туындап отыр. Өйткені қазір оған тиісінше қаражат бөлінбеген. Ақиқатында, кей кәсіпорындар ауылдық округтарда пайда табады, жергілікті тұрғындардың еңбегін қолданады, бірақ салықты өздері тіркелген аудан немесе қала бюджетіне төлейді. Сондықтан Үкімет бұл қағидатқа теңгерімді тәсіл қолдану мүмкіндігін қарастырғаны дұрыс болар еді.

саясаттың ашықтығын, тиімділігін мен әділдігін қамтамасыз ету үшін біз салық-бюджет үдерістерін жүйелі түрде жетілдіре береміз. Бұл – Үкімет жұмысының маңызды бағыты.

Үкімет өндіретін бюджет деңгейлері арасында қазынадан қаржы алуға лимит қою мәселесін қарастыруы керек. Ауылдық округтер әкімдері өздерінің кеңейтілген өкілеттіктерін толық іске асырып, салық түсімдерін ұлғайту мақсатында қолданыстағы ақпараттық платформалармен жұмыс істей білуі қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазіргі жаһандану заманында цифрлық бағыт қарыштап дамып жатыр. Әсіресе, жасанды интеллекттің дәуірі басталғандай. Уақыт көшіне ілесіп, оның да мүмкіндіктерін пайдаланған жөн. Сондықтан Қасым-Жомарт Кемелұлының өзі цифрлық Қазақстанды ауылдар мен ауылдық

модельдерді және суперкомпьютер желісін біріктіретін ұлттық ақыл-ой алаңы болмақ. Аталған жүйе барлық аса маңызды бағыт бойынша жаңа технологиялар мен материалдарды әзірлеуге тың серпін береді. Ол жартылай өткізгіштерден бастап роботтық техникаға дейінгі, ядролық энергетикадан бастап биомедицинаға дейінгі салаларды түгел қамтиды. Бұл арада зерттеу жобасы жайында емес, АҚШ-ты осы салада әлемдік көшбасшыға айналдыратын толыққанды платформа жөнінде әңгіме болып отыр. Мұны іске асыру үшін бір жылға жетер-жетпес мерзім беріліп отыр, – деп айтқан Мемлекет басшысы осыған орай біздің елге де шара қолдану керек екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Кемелұлының әзірге пауымдауынша, әрине, Қазақстан жаһандық ауқымдағы көшбасшылыққа таласпайды. Бірақ өркениет көшінен қалмай, технологиялық жаңғыруды жыл-

Мемлекеттің міндеті – ауылдың жағдайын озық оймен жақсарту

(Соңы. Басы 1,2,3 -беттерде)

Ауыл – ұлттың өзегі

Жиын соңына таман Мемлекет басшысы ауылды басқарып отырған азаматтарға сенім білдіріп, елді мекендердің дамуына мемлекет әрдайым қолдау білдіретінін айтты.

– Біз бүгін ауылға қатысты көптеген маңызды мәселені көтеріп, нақты міндеттерді айқындадық. Алдымызда тұрған міндеттің бәрін сапалы әрі жүйелі орындасақ, мақсатымызға жетеміз. Ауыл өмір сүруге қолайлы, еңбек етуге жайлы болуға тиіс. Ауыл әкімі осы өте маңызды жұмыстың басы-қасында жүреді. Бүгін әкім Жанар Нұрмұратқызы «Таза Қазақстан» қозғалысы жөнінде өте өзекті мәселе көтерді. Оған алғыс айтамын. Мемлекеттік саясатты халыққа жеткізетін де, елдегі өзгерістердің, атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың мән-маңызын жан-жақты түсіндіретін де – әкімдер. Мен Сіздерге зор үміт артамын. Әкімнің ең басты міндеті – тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру.

Ауылдағы ағайынның әл-ауқаты жақсарса, ауылдарымыз да көркейеді деген сөз. Сіздер ауылды өркендету үшін табанды еңбек етесіздер деп сенемін. Ауыл халқы елімізді дамытуға зор үлес қосуда. Мен осы сәтті пайдаланып, барлық ауыл тұрғындарына зор алғыс айтамын.

Мемлекет әрдайым ауылды қолдайды. Себебі ауыл – ұлттымыздың өзегі. Ауылды жаңа көзқараспен, озық оймен, жанартылған тәсілдермен бірге дамытуымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет алдында әлі біраз сынақ болуы мүмкін

Бұл басқосуға ауыл әкімдерінен басқа Үкімет мүшелері және облыс әкімдері де қатысты. Осы ретте Президент өз сөзін аталған азаматтарға қарата айтып, Үкіметке экономиканы сауықтыру үшін Ұлттық банкпен, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, нақты шаралар қабылдауды тапсырғанын айтты. Осыған орай, өткен аптада үш жылға арналған Макроэкономикалық тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл бағдарламасы қабылданыпты. Президенттің пәрмені бойынша құжатта көрсетілген шаралар сапалы әрі уақтылы орындалуы керек және бұл жұмысқа облыс әкімдері белсене атсалысуы тиіс. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Кемелұлы нақты ойластырылған ұсыныстарды Үкіметке енгізуге рұқсат берді.

– Алдымызда тұрған басты мақсаттар: экономиканың тұрақты, сапалы өсімін қамтамасыз ету қажет; инфляцияны төмендетіп, халықтың табысын арттыру арқылы тұрмыс жағдайын жақсарту



қажет; жеке секторды дамытып, өндірісті жандандыру керек; дайын өнім экспортын көбейту қажет.

Мемлекетіміздің алдында әлі де көптеген сынақ пайда болуы мүмкін. Қазіргі таңда әлемдегі ахуал тұрақты емес, келешегі бұлыңғыр деуге болады. Кейбір елдердің егемендігі, жерінің тұтастығы әлі толық шешілмеген, тіпті, бұл мәселе халықаралық даулардың өзекті тақырыбына айналды. Біріккен Ұлттар Ұйымының беделі әлсіреп кетті, жаһандық экономика да құбылмалы күйде. Сондықтан бәріміз бір ұлт болып, қырағылықты сақтауымыз керек, жас ұрпаққа қамқорлық көрсетіп, дұрыс тәрбие беруіміз қажет, ішкі даулардан аулақ болып, ынтымақ-бірлігімізді нығайтуымыз керек. Жалпы, бәрімізге ортақ аса маңызды міндет – ел мүддесіне тиімді қызмет ету. Қазақстанның егемендігі, дербестігі, тәуелсіздігі – бәрінен қымбат. Бұл – ұлттымыздың алдында тұрған ең биік мақсат. Мен ел Президенті ретінде бұл мақсатты орындау үшін барлық күш-жігерімді саламын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Баршаңызға амандық, табыс тілеймін, – деп Мемлекет басшысы жиынды түйіндеді.

Бұл жиын барысында Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев және өрнірден

келген бірқатар округ әкімдері Президент алдында сөз сөйлеп, ауылдың жағдайын жақсартуға қатысты ұсыныс-тілектерін жеткізді. Олардың арасында біздің жерлесіміз, Райымбек ауылдық округінің әкімін Ержас Токтасынов та бар. Округ басшысы Мемлекет басшысына ауыл әкімдеріне сенім білдіргеніне және ел үшін еткен еңбегіне ризашылығын білдірді.

Елді мекендердің жағдайы сөз етілген Ауыл әкімдерінің диалог-платформасының аланы арнайы панельдік отырыстармен жалғасты. 1 800-ден аса ауыл әкімін біріктірген платформада Үкімет мүшелері олардың сұрақтарына жауап берді.

Ал одан кейін «Клиентке бағдарланған сервистік мемлекеттік қызмет: диалог, кәсібилік, ашықтық» атты арнайы панельдік сессия өтті. Оны Мемлекеттік қызмет істері агенттігі ұйымдастырып, оны агенттік төрағасы Дархан Жазықбай жүргізді. Бұл жиынға Парламент депутаттары, Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры Азамат Жолманов, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, ауыл және аудан әкімдері, әкімдік қызметкерлері, азаматтық

қоғам өкілдері мен жергілікті басқару саласының сарапшылары қатысты.

Дархан Жазықбай өз сөзінде Мемлекет басшысының бастамасымен ауыл әкімдерін тікелей сайлаудың енгізілуі азаматтардың ел дамуына ықпал ететін маңызды шешімдер қабылдауға септігін тигізгенін атап өтті.

Осы ретте айта кету керек, елімізде 2021 жылы алғаш рет ауыл әкімдерін тікелей сайлау науқаны өткізілді. Ал 2023 жылдан бері аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін қанатқақты режимде сайлау жүргізіліп, биылдан бастап бұл тәжірибе бүкіл республика бойынша кеңінен енгізілді.

Енді алдағы уақытта оларға қойылатын талаптар да өзгермекші. Қызметке қабылдау, оны өткеру және тоқтату тәртібі жаңа мазмұнмен толықтырылады. Сайланған әкімдер енді өз өкілеттігі кезеңінде сайлауалды бағдарламаларында көрсетілген мақсаттар мен міндеттердің орындалуы бойынша тікелей халық алдында жауапты болады.

– Жергілікті әкімдердің кәсіби даярлығы мен біліктілігі, лауазымдық міндетін атқарудағы жауапкершілігі мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін анықтайтын факторлардың бірі. Сондықтан ауыл әкімдерін сайлау кезінде саяси партиялар өздері ұсынатын кандидаттардың тұлғалық жауапкершілігі мен кәсіби даярлығына баса назар аударып, олардың болашақта әкім болуға лайықтылығының жауаптылығын өздеріне ала білуі керек. Агенттік өз тарапынан әкімдердің кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстарын тұрақты үйлестіруге қашан да дайын, – деді агенттік төрағасы.

Ал Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жұртшылықтың тамыры ауылда жайылғанын айтып, ауылдарымыз мықты болса, еліміз де берекелі болатынын айтты.

Сондай-ақ Мәжіліс депутаты Айдос Сарым өзінің қазақтың санасында, әр әкімнің пайымында «идеал әкім» деген ұғым болу керек екенін алға тартты.

– Жақында Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік Бердібек Мәшбекұлының өмірі мен еңбегі туралы, өз сөздері мен замандастарының пікірлері жинақталған жақсы кітап шығарыпты. Осы еңбекті оқуға кеңес беремін. Себебі кітапта әкімнің әр сатыдағы жұмысы: халықпен қалай сөйлесу, мәселені қалай түсіндіру, сөзді қалай өткізу сияқты маңызды дүние барынша қамтылып, нақты көрсетілген, – деді А.Сарым.

Сессия соңында жергілікті басқару жүйесінің тиімділігі, мемлекеттік қызметшілердің саясаты, мемлекеттік аппараттың қызметіне қатысты мәселелер жан-жақты талқыланды.

ОҚИҒАҒА ОРАЙЛАС ОЙЛАР

Нақты тапсырма нәтижелі жұмыстарға жол ашады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен форумда ауылдың әлеуетін арттыруға қатысты біраз маңызды мәселелер айтылып, елді мекенді дамытуға қатысты ұтымды ұсыныстар ортаға салынды.

«Ауыл – ұлттың өзегі» деп айтқан айтқан Президенттің бұл сөзін толық құптаймын. Расымен де, ауылдың жағдайын жақсартып, халықтың тұрмыс сапасын арттырсақ, біз бәріміз тұтастай елдің дамуына ықпал еткендей боламыз. Сондықтан елді мекендегі тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеру жолында қарқынды бәсеңдетпеуіміз керек.

Президентіміз сондай-ақ, ауылдың әлеуетін арттыруға бағытталған нақты тапсырмалар жүктеді. Алдағы уақытта осы маңызды міндеттерді орындауға бар күш-жігерімізді саламыз.

Қасым-Жомарт Кемелұлы елдің дамуы жолында осы уақытқа дейін де байыпты



бастамаларға себепші болып келгенін білеміз. Оның ішінде ауылдың жағдайын жақсартуға қатысты түрлі жобалар бар. Мәселен, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы біздің ауданда да жүйелі түрде өтіп келеді. Бұл шараға Әйтей ауылдық

округінің халқы да белсенді түрде атсалысып, сенбілік жұмыстарын өткізуден қалыс қалған емес.

Сондықтан Мемлекет басшысының әрбір іске себепші болып, жарқын жобаларға жол сілтеуі елдің дамуына деген сенімді қадам деп білемін. Ауыл әкімдеріне арналған форумда да осындай іргелі істердің біразы талқыға салынды. Енді алдағы уақытта елмен бірлесіп жұмыс атқарып, жұмыстың нәтижелі болуына бар күшімізді жұмсаймыз.

Бұл форум халық пен билік арасындағы байланысты нығайтуға серпін берді деп есептеймін. Ең бастысы, Президенттің нақты тапсырмаларын тиянақты әрі сапалы түрде жүзеге асырсақ, мемлекеттің дамуы жолындағы мақсаттарымызды орындаймыз деген ойдамын.

Жарқын ҚАТУБАЕВ,
Әйтей ауылдық округінің әкімі.

Басты бағыт – халықтың өмір сапасын жақсарту

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Ауыл әкімдерінің диалог-платформасы ауылдың жағдайын жақсартуға жол ашты. Билік өкілдері мен ауыл басшылары бас қосқан бұл жиында елдің стратегиялық мүддесіне назар аударылды. Ал біз сияқты ауыл басқарып отырған азаматтарға аталған жиын тәжірибе мен пікір алмасудың алаңына айналды.

Президентіміз сөзінің басында «Халқымыздың тамыры – ауылда» деп айтып, елдің берекелі болуы ауылдың мықтылығын да екенін сөз етті. Осы ретте ауыл басшыларына жүктелетін міндеттің де салмағы жеңіл емес екенін ескертті.

Қасым-Жомарт Кемелұлы кездесу барысында ауыл әкімдерінің ұсыныстарының ескере келе, бірқатар басымдықтарды енгізуге ұсыныс берді. Атап айтқанда,



ауыл әкімдері білікті әрі кәсіби маман болуы тиіс, олардың өкілеттіктерін күшейтумен қатар, жауапкершілікті де арттыру қажет екенін жеткізді. Сондай-ақ ауылдық бюджеттің

дербестігін қамтамасыз ету маңыздылығына тоқталып, ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға баса назар аударуға шақырды.

Осындай онтайлы ұсыныстар сөз болған жерде мемлекет тарапынан қолдаудың да бары айтылды. Ең бастысы, Президент жүктеген міндетті абырой биігінде, кәсіби тұрғыда атқара білсек, ауылымыз дамып, еліміз өркендейді деген сенімдемін.

Мен үшін ең басты мақсат – ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсарту. Осы жолда әрбір әкім өз өңіріндегі мәселелерді ашық айтып, ортақ шешім іздеп келеді. Ал мұндай диалог алаңдары тәжірибе алмасуға, тың идеялар мен тиімді тәсілдерді енгізуге үлкен серпін береді деп ойлаймын.

Еламан ОМЕРБАЕВ,
Жамбыл ауылдық округінің әкімі.

Елді мекеннің келешегін кемел ететін маңызды қадам

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет еліміздің барлық өңірінен 2500-ге жуық ауыл әкімдері Астанада өткен диалог-платформада бас қосты. Осы маңызды шараға Шамалған ауылдық округінің әкімі ретінде қатысу мүмкіндігі маған да бұйырды.

Бұл жиын, әрине, озық ойлар ортаға салынған әрі жауапкершілікке толы басқосу болды. Талқыға түскен басты тақырыптың бірі ауылдардың маңында орналасқан кәсіпорындардан түсетін салықтың бір бөлігін сол елді мекендердің өз қазынасында қалдыру мәселесі болды. Сонымен қатар бірнеше өңірде экологиялық айыппұлдардың толық көлемде өндіріле бастауы жөнінде де маңызды ұсыныстар талқыланды.

Салмақты реформаның келешекте оң нәтижелі болатынына нық сенімдімін.

Себебі ауылдағы су, жарық, жылу сияқты мәселелер күнделікті тұрмысқа тікелей әсер ететін маңызды жұмыстардың өте көп екенін көрсетіп келеді. Сол үшін ауылдың тыныс-тіршілігін жақын танысып, халықпен тығыз байланыста болу қажеттігін терең түсіндім.

Президентіміз форумға жиналған әкімдерді еркін пікір білдіріп, өз ұсыныстарын ашық айтуға шақырды. Осы орайда Карасай ауданына қарасты Райымбек ауылдық округінің әкімі Ержас Серғазыұлы да өз ұсынысын нық әрі сенімді түрде ортаға салды.

Мұндай көлемді форумға тұңғыш рет қатысуым болса да халыққа ең жақын тұрған билік өкілдері, яғни ауыл әкімдері үшін бұл тарихи күн деп есептеймін. Әрі өзіме жүктелген жауапкершілікті қаншалықты маңызды екенін сезіндім.

Ауыл – елдің алтын бесігі. Елді ме-

кендер дамымай, мемлекет алға баспайтыны анық. Оны Мемлекет басшысы да нақтылап айтты.

Сондықтан ауыл әкімдерінің пікірлері еленіп, олардың ұсыныстары мемлекеттік деңгейде талқыланып жатса, жана, заманауи басқару мәдениетінің қалыптасып келе жатқаны деп білемін.

Форумның аясында айтылған ойлар, Президент жүктеген тапсырмалар жүйелі түрде іске асса, алдағы уақытта жергілікті мәселелердің жедел шешілуіне де септігін тигізеді сөзсіз. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым, білім мен медицина сияқты салалардың дамуына тын серпін береді деуге болады.

Ұлттың өзегіне айналған ауылдарымыз өркендей берсін. Ауыл дамыса, елдің де ертені жарқын боларына сенімім мол.

Нұрсұлтан ДЖОЛДАСПЕКОВ,
Шамалған ауылдық округінің әкімі.





Өңірдің өркендеуіне Қарасай ауданының қосып жатқан үлесі зор

Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен атқарылған жұмыстардың жай-жапсары өткен аптада түрлі БАҚ-тың назарында болды. Анық ақпараттардың легін өңір басшысы Марат Сұлтанғазиев Астанадағы Орталық коммуникациялар қызметінде жан-жақты жеткізіп, облыс көлеміндегі маңызды мәселелердің шешу жолдарын түсіндірді. Одан бөлек бұл брифинг барысында ауқымды жобалардың жүзеге асырылуы мен өңірдің әлеуетін арттыру бағытындағы жүйелі жұмыстар айтылды. Оның ішінде, әрине, Қарасай жерінде жоспарланған игілікті істер бар екенін айта кеткен жөн. Ол жайында да облыс әкімі жеке баяндады.

Дидар МӘЛІКҰЛЫ Экономика өсіп, өнеркәсіп өндірісі өркендеуде

Республика бойынша Алматы облысының экономикалық көрсеткіші көңіл қуантады. Басқа өңірлермен салыстыратын болсақ, 5-орынға табан тірегенбіз. Бұрын 10-орында едік. Марат Елеусізұлының сөзінше, Қонаев қаласы облыс орталығы болғаннан бері өңіріміз барлық негізгі бағыт бойынша тұрақты өсім көрсетіп келеді.

Жалпы өнім көлемі 3,4 трлн теңгеден 6 трлн теңгеге ұлғайған. 2024 жылдың қорытындысы бойынша облыстың республикадағы жалпы ішкі өнімдегі үлесі 4,4% болса, ал 2025 жылдың алғашқы жартысының өзінде 4,8%-ға жетті.

«Ірі өнеркәсіптік облыстарды өзгінді, шикізаттық емес экономикаға негізделген өсудің драйверіне айналдық. Осы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор 109,7% болды. Барлық негізгі салада оң үрдіс сақталып отыр», – деді облыс басшысы.

Өнеркәсіп өндірісінің әлеуеті де жаман емес. Бұл салада өсім қарқыны 108,7%-ды өсім көрсетуде, оның 90%-ы өңдеу секторында қалыптасқан.

Облыс әкімінің айтуынша, биылғы 10 айда өнеркәсіп көлемі 2,1 трлн теңгеге жеткен. Нәтижесінде Алматы облысы аграрлық аймақтан инновациялық технологиялар мен өңдеу өнеркәсібінің жетекші орталығына айнала бастаған. «Өңірлік өнімнің үштен бірі өнеркәсіп саласына тиесілі болғандықтан, бұл сала инвестиция тартудың негізгі көзі болып есептеледі. Сол себепті негізгі капиталға инвестиция тарту біздің басты басымдығымыздың біріне айналды», – деп мәлімдеді Марат Сұлтанғазиев.

Елдің игілігі болатын инвестицияға келер болсақ, оның көлемі 2022 жылы 614 млрд теңге болса, былтыр бұл көрсеткіш 1 трлн теңгеге дейін өскен. Осы жыл соңына дейін 1,3 трлн теңге көлемінде жоспарланып отыр.

Капитал көзіне айналып іске қосылған ірі жобалардың ішінде біздің аудандағы «Focus Logistics» ірі логистикалық паркі (70 млрд теңге), «Алтын таға» бетон өнімдері зауыты (35 млрд теңге) бар. Сондай-ақ көршілес аудандардағы «LC Waikiki» көтерме-сауда орталығы (30 млрд теңге), «Шин-лайн» балмұздақ фабрикасы (18 млрд теңге), «Қапшағай Бидай Өнімдері» дәнді және майлы дақылдарды терең өңдейтін агрокешені (12 млрд теңге), «КегенМясПром» ет комбинаты (3,5 млрд теңге) сияқты ауқымды компанияларды атап өтуге болады.

Ал осы жылдың соңына дейін «Kusto Logistics» көтерме-бөлу орталығы, «MP Solution» және «Еуразиялық логистикалық парк», «Imagine Apple Logistics» ірі логистикалық кешендер мен индустриялық парктар пайдалануға беріледі. Осындай кәсіпорындардың бой көтеруі үшін облыс аумағында 15 индустриалды аймақ құрылмалы. Атап айтқанда, Талғар ауданында «Қайрат-2», Еңбекшіқазақ ауданында «Шелек», Жамбыл ауданында «Қазыбек Бек», «Үлкен», Ұйғыр ауданында «Тасқарасу», «Сұңқар», Қонаев қаласында «Қонаев», Алатау қаласында «Береке» және жетеуі Үлкен Алматы айналма жолының маңында болады. Осылардың ішінде «Қайрат-2» индустриалды аймағы шетел инвесторлары есебінен салынса, Үлкен Алматы айналма жолының маңындағы аймақтарды жер иелерімен бірлесіп жүзеге асырылады.

«Осылайша, облысымыздың инвестициялық потенциалын арттыру ірі кәсіпорындардың ғана емес, шағын және орта бизнестің де дамуына мүмкіндік беріп жатыр. Бүгінде шағын және орта бизнестің жалпы өндірісті

өнімдегі үлесі 46,3%-ға жетіп, олардың саны 156 мыңнан асты (2022 жылы – 116,6 мың), өсім көлемі 33,8% болды», – деді өңір басшысы.

Жоғарыда аталған салада барлық жұмыспен қамтылған халықтың үштен бір бөлігі жұмыс істейді, яғни 273 мың адам.

Тағы бір жақсы жаңалық ретінде облыстың аумағында әлемдік жетекші

және сүтті қайта өңдеуді арттыруға бағытталған 13 жоба жүзеге асырылып жатыр. Оған республикалық бюджеттен 15 млрд теңге бөлінген. Өткен жылы 1,3 млрд теңгеге екі жоба жүзеге асты, ал биыл 7 100 бас ірі қараға арналған 11 жана сүт фермасының құрылысы аяқталады.

Субсидияның бөлінуі бойынша Алматы облысы 8-орында тұрғанмен,



компаниялардың жұмыс істейтінін айта кеткен жөн. Атап айтқанда, алдағы уақытта «PepsiCo», «Lays», «Mars», «Marriott» және «Hilton» сияқты дүниежүзіне белгілі компаниялар бірқатар жобасын іске қосуды жоспарлап отыр. Мәселен, «PepsiCo» компаниясы «Lays» чипстерін шығару үшін Нарынқолда өсірілген картопты пайдаланатын болады, ал «Mars» өңірде жана өндірістік желі ашу мүмкіндігін қарастыруда. Сонымен қатар халықаралық қонақүй индустриясының алыптары саналатын «Marriott» және «Hilton» брендтері Қонаев пен Алатау қалаларында жана қонақүйлер салуды көздейді. Мұндай ауқымды жобалар өңірдің туризм және бизнес-туризм нарығына айтарлықтай серпін бермек.

Аграрлық саладағы атқарылған жұмыстар жеткізі

Бүгінгі таңда Алматы облысының экономикалық әлеуетін арттырып отырған маңызды саланың бірі – ауыл шаруашылығы. Бұл жайында өңір бас-


жалпы өнім көлемі бойынша тұрақты түрде алғашқы бестікте. Бұл да аграрлық саланың дамуына едәуір септігін тигізуде.

Агроөнеркәсіп кешенінің инфрақұрылымын дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев оның да жай-жапсарына, жоспарларына тоқталды.

Өңір басшысының айтуынша, облыста суармалы жерлерді кеңейту және су үнемдеу технологияларын енгізу басты басымдықтардың бірі болып отыр.

Қазіргі өзекті мәселелердің бірі – 9 мың шақырым ирригация желілерінің 60%-ы тозып, су шығыны 50%-ды құрауы. Осыған байланысты алдағы жылдары суару желілерін жаңғыртуға «Ислам даму банкі» арқылы 255 млрд теңге бағыттау жоспарланған. Нәтижесінде Балқаш, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Райымбек және Ұйғыр аудандарында суару желілері жаңғыртылып, 111 мың гектар жер айналымға қосылады.

Алматы облысында ауыл шаруашылығы



«Келешек» мектептері жобасы аясында салынған Алмалыбақ ауылды мектеп

шысы Марат Сұлтанғазиев брифинг барысында кеңінен тоқталып, нәтижелі қайтару жұмыстары мен жоспарларды сөз етті. Оның айтуынша, агросектор облыс экономикасының басым бағыттарының бірі болып қала береді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 682,3 млрд теңгеге жеткен. Пайыздық көрсеткішпен есептегенде бұл өңірлік өнімнің 7%-ын берген. Биыл бұл нәтиже 3,3%-ға артып, 751 млрд теңге деңгейінде жоспарланған. Ал 2025 жылдың 10 айында жалпы көлем 649,1 млрд теңгеге жетіп отыр.

Облыс бойынша ауыл шаруашылығы өнімдеріне сырттан да сұраныс бар. Яғни экспорт жағынан қарқын бар. Облыс әкімінің мәліметінше, бұл көрсеткіш 345,2 млн АҚШ долларына жетіп, былтырғы АҚШ долларына қарағанда 15%-ға көбейген. Өткен жылы 299 млн доллар көлемінде болған.

Мемлекеттің қолдауы арқылы қарқынды дамып жатқандардың ішінде сүт-тауар фермаларының желісі бар. Ол жайында да өңір басшысы ерекше атап өтті. Айтуынша, қазір таңда өндірісті

мақсатындағы пайдаланылмаған жерлерді анықтап, мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары да жалғасып жатыр. Нәтижесі жаман емес. 2022-2025 жылдар аралығында 528 мың гектар пайдаланылмаған жер мемлекет меншігіне қайтарылып, оның 340 мың гектары қайтадан айналымға енгізілді.

Сонымен қатар тұрғындарды ауыл кәсіпкерлігіне тартуға бағытталған «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде бүгінге дейін 11 млрд теңгеге 1 373 шағын несие берілген. Марат Сұлтанғазиевтің айтуынша, бұл шаралар ауылдағы табысты өсіріп отыр. Бүгінгі күні ауыл халқының орташа табысы 22,7%-ға артып, 311,4 мың теңгеге жетті.

Назардағы нысандарда құрылыс қарқынды

Алматы облысының құрылыс саласында тұрақты өсу байқалады. Әсіресе, салынып жатқан тұрғын үйлердің септігі баспанасыз жүргендердің мәселесін біржақты шешуге ықпал етуде.

2025 жылдың 10 айында облыстағы құрылыс көлемі 21% өсіп, 948 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға



берілген. Облыс әкімінің айтуынша, әлеуметтік осал топтарды баспанамен қамтуға ерекше назар аударылған. 2024 жылы 1 281 отбасы үйлі болса, биыл 2 236 әлеуметтік осал топтағы отбасында қоныс тойы тойланған.

Одан бөлек соңғы 30 жыл ішінде ешқандай үй салынбаған шалғай елді мекендердің жағдайы назарға алынған. Атап айтқанда, Нарынқол, Қайнар, Кеген, Үлкен Ақсу, Баканас ауылдарында мемлекеттік бағдарлама аясында жана үйлер салынып, сатып алынып жатыр.

Алдағы уақытта мемлекеттік қызметшілерді, бюджеттік ұйымдар мен спорт саласы өкілдеріне арналған «Алатау» өңірлік ипотекалық бағдарламасына 3,1 млрд теңге қарастырылып, 120-дан астам азамат баспанамен қамтамасыз етіледі.

Білім, денсаулық сақтау және мәдениет сияқты маңызды салаларда атқарылып жатқан шаруалар ауқымды. Марат Елеусізұлы өз баяндамасында оның әрқайсысына тоқталды. Соның ішінде «Келешек мектептері» жобасының сәтті жүзеге асып жатқанын айтты. 2022 жылдан бері 45 жана мектеп және 6 жапсаржай салынды, сондай-ақ 55 мектеп күрделі жөндеуден өткен. Оның 11-і инвесторлар есебінен, ал 20-ы «Келешек мектептері» жобасы аясында салынған. Жыл соңына дейін тағы алты мектеп ашу жоспарланып отыр. Оның арасында біздің ауданға қарасты Бұлақты ауылындағы білім ошағы да бар.

Білім нысандарының көп болғаны үш ауысымда оқытатын мектептер санын айтарлықтай қысқартқан. Мектеп инфрақұрылымын кеңейту нәтижесінде кейінгі үш жылда үш ауысымда білім беретін мектептердің саны 52-ден 28-ге дейін қысқарды.

«Осы орайда қалған 28 мектепті бір мезгілде бастап салу үшін отандық және шетелдік инвесторларды ЕРС механизмі бойынша келіссөздерге шақырамын», – деді М.Сұлтанғазиев.

Облыс әкімі денсаулық сақтау және мәдениет инфрақұрылымының да дамып жатқанын айрықшы атады. Алматы облысы бойынша бүгінгі таңда

356 медициналық мекеме бар. Олардың 54%-ы тозған. 2022-2025 жылдар аралығында 55 нысанға құрылыс жұмысы жүргізілді. 6 млрд теңгеге 153 бірлік медициналық жабдық сатып алынды. Мәселен, 300 шақырым қашықтықта орналасқан Нарынқол ауылының тұрғындары Алматыға немесе облыс орталығына келместен толық медициналық қызмет алуға мүмкіндіктері бар.

Сонымен қатар 7 мәдениет үйі, 6 спорт кешені, мемлекеттік архив және өнер мектебі салынды.

Жастарға арналған жарқын жобалар

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев өскелең ұрпақтың сапалы білім алып, жан-жақты дамуы



Қасқелеңдегі «New York Film» киноакадемиясы

жолында түрлі жоба жүзеге асып жатқанын мәлімдеді. Мәселен, білім, спорт және креативті индустрияны дамыту бағытында бастамалар қолға алынған. Өңір басшысы солардың ең маңыздыларына тоқталды.

Жастардың шығармашылық әлеуетін көтеру мақсатында Қарасай ауданында «New York Film» киноакадемиясының

филиалы ашылған. Бұл – өңір үшін маңызды мәдени және білім беру қадамы. Академияда 200 студенттің білім алуына мүмкіндік бар. Оқу жүйесі америкалық бағдарламаға негізделген және ол бес бағытта жүргізіледі. Олар – киноөндіріс, сценарий және актерлік шеберлік, ойын-дизайн, 3D-анимация. Қазіргі таңда академияда 60 студент білім алып жатыр, олардың арасында Африка және Еуропа елдерінен келгендер де бар.

Спортта да серпіліс бар. Халықаралық деңгейде спортшылар дайындауға бағытталған «Атлетико Мадрид» футбол академиясы Талғар ауданында жұмысын бастаған. Бүгінде мұнда Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген 113 оқушы футболға деген қарым-қабілетін шындауда.

Екі қаланы дамыту

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев брифингтің соңында облыс орталығына айналған Қонаев пен Алатау қалаларының әлеуетіне тоқталды.

Қонаев халқының тұрмыс сапасын арттыру мақсатында «Smart Qonaev» тұрғындарына енгізілген. Қалада қоғамдық бейнебақылау камералары, «Qonaev» электрондық жүйесі, жолақы төлеу жүйесі және Бірінғай төлем құжаты іске асырылған.

Инфрақұрылымды жаңарту аясында Қонаевта 39 шақырым жол жөнделіп, 50 жана аялдама орнатылды, 73 шақырым электр беру желісі және 26 шақырым су құбыры тартылды, 11 трансформатор жаңартылды. Сонымен қатар қаладағы 65 нысан абаттандырылған. №5 қалалық жағажай «Үздік жағажай» конкурсына қатысып, 30 қатысушының ішінен Бұрабайдан кейін 2-орынды иемденген екен.

Ал Алатау қаласына келер болсақ, бүгінде бұл шаһар 88 мың гектар аумақты қамтитын және 54,2 мың тұрғынға қызмет көрсететін дербес әкімшілік-аумақтық бірлікке айналды. Үкімет тарапы қаланың 2050 жылға дейінгі Бас жоспарын бекітіп, 12 негізгі өсу нүктесін анықтаған. Осы ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Алатау қаласына арнайы мәртебе берілген өңірде жана, қарқынды даму кезеңіне шығарып отырғанан айта кету керек.

Сонымен қатар бұл мақсатта Алатау қаласын дамыту жөніндегі Премьер-министрдің орынбасары Канат Бозымбаевтың төрағалығымен жобалық кеңсе құрылып, нәтижелі жұмыс жүргізілген. Одан әрі Президент Жарлығына сәйкес, қаланы дамыту жөніндегі Кеңес жасақталды, оны Премьер-министр басқарады. Қазір Конституциялық заң дайындалып, жыл соңына дейін Парламентке енгізу жоспарланып отыр.

Инвестициялық бағыт бойынша Алатау қаласында жалпы құны 1,5 трлн теңге болатын 42 жоба іске асырылды. Олардың қатарында «PepsiCo», «Mars», «Молочная долина», «QazQon Hub» тағы басқалары бар.

Тоқсан ауызды тобықтай түйінін айтар болсақ, облыс басшысының баяндамасының аймақта байыпты бастамалар қолға алынып, жоспарлы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Оның бәрі, айналып келгенде, Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әлауақатын арттыруға, тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған. Ал бұл жолдағы іргелі істердің ішінде Қарасай ауданының да қосып жатқан үлесі зор.

Сонымен қатар облыс халқы алаңдатқан мәселелер ретімен шешімін тауып келеді. Оның бәрін аймақ басшысы Марат Сұлтанғазиев ел астанасындағы Орталық коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында айтты. Одан кейін ол журналистер қауымының бірқатар сауалына жауап берді.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Маңызды салалар мен ауылдардың жағдайына мән берілді

Өткен аптада аудандық қоғамдық кеңестің кезекті отырысы төрағасы Жанат Исағұлов жүргізді.

Күн тәртібіне қойылған бірінші мәселе – «Аудан тұрғындарына медициналық қызмет көрсетудің жай-күйі туралы» орталық аудандық аурухананың директоры Бауыржан Сатыбалды хабарлама жасады.

Қарасай ауданында 350 мыңға жуық халық тұрады, оның ішінде

Оның ішінде біреуі жылжымалы медициналық кешен, дәрілік заттарды тасымалдауға арналған бір JAC N35 көлігі, 19 жеңіл көлік және 7 санитарлық автокөлік бар. Жылдың соңына дейін қосымша 11 автокөлік сатып алу жоспарланған.

Аурухана бас дәрігерінің баяндамасынан кейін кеңес мүшелері Сағат Мәсімақынов, Орынбай Жанәділ, Сағындық Жылқыбаев, Серік Расмұхаметов, кеңес төрағасы Жанат Молдағұлұлы ой-пікірін

жағдайлар бөлімінің жұмысы туралы оның басшысының орынбасары Марлен Наурызбаевтың есебі тыңдалды.

Қарасай ауданының аумағында 2025 жылдың 11 айында әртүрлі төтенше жағдайлар түрлеріне 928 шығу тіркелді. 192 жағдай өрт ретінде есепке алынды. Өрт есебіне жатпайтын өзге де 736 жағдай бар. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде 11 адам қаза тапты және бір адам зардап шекті. Эвакуация барысында бір адам құтқарылды. ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне сәйкес өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін 253 әкімшілік іс қозғалды. Тұрғын үй секторында тұрғындармен жылыту маусымына дайындық және өту кезеңінде өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру, сондай-ақ профилактикалық жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілуде. «Асыл арман», «Алтын ауыл», «Қарлығаш» тұрғын үй кешендеріндегі көп пәтерлі үйлерден балалардың терезеден құлауын алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар атқарылуда. Бұл мәселе жөнінде Сейтқали Ыбытаев, Серік Расмұхаметов, Тұрғанбек Оразалиев, Қаныбек Айжанов, Ұлтұсын Бархинова, кеңес төрағасы Жанат Молдағұлұлы сөз сөйлеп, ұсыныс-тілектерін ортаға салды.

Мұнан соң «Елтай және Әйтеуі ауылдық округтерінде атқарылып жатқан жұмыстар туралы» округ әкімдері Біржан Махатов пен Жарқын Катубаев есеп берді.

Округ әкімдері өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, инвестиция тарту, шағын және орта бизнес, салықтың жиналуы, әлеуметтік көмек, «Ауыл аманаты» бағдарламасы, білім,

бдірді, ал Ұлтұсын Бархинова ана мен бала өлімі, Сейтқали Ыбытаев медицина мекемелерінде соғыс және еңбек ардагерлерін кезексіз қабылдау жайын сұраса, Несіпбала Әбділдаева бұл салада тәртіпті күшейтуге шақырды. Бауыржан Нұрланұлы барлығына да тиянақты жауап берді.

Келесі кезекте «Қарасай ауданы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің жұмысы туралы» оның басшысы Ерлан Абдықалықовтың есебі тыңдалды.

Бөлім басшысы Отан қорғау,



әскери қызметке шақыру, әскери жиын өткізу, адами және көлік ресурстарын автоматтандырылған есепке алу және тағы басқа жайттар туралы жан-жақты айтып берді. Кеңес мүшелері Сағат Мәсімақынов, Несіпбала Әбділдаева, Назғұл Еркімбаева, Сейтқали Ыбытаев әскери-патриоттық тәрбиені күшейту, Әлия Даниярова әскерге апару үшін көшеден ұстап алып кету жайында сұрады. Ал бұл сауалдарға Ерлан Төлеуғалиұлы нақты жауап берді.

Сонымен қатар бұл отырыста «Қарасай ауданы Төтенше

денсаулық сақтау, жол жөндеу, жарықтандыру, тазалық және тағы басқа мәселелер жөнінде кенінен баяндап берді, қойылған сұрақтарға жауап қайтарды.

Кеңес мүшелері халыққа тиісті жағдай жасау, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды уақытпен шешу, басқа да өзекті мәселелер жайында ұсыныс-пікірлерін айтып, әкімдердің жұмыстарына табыс тіледі.

Отырысты кеңес төрағасы Жанат Исағұлов қорытындылады. Ал жиналда талқыланған мәселелер бойынша қажетті шешімдер қабылданды.

Берікбай ҚАДЫҚОВ.

К СВЕДЕНИЮ ГРАЖДАН!

О повышении пенсионных, социальных выплат и пособий

Согласно проекту Закона Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 2026-2028 годы», с 1 января 2026 года устанавливаются: месячный расчетный показатель (МРП) – в размере 4 325 тенге; минимальная пенсия – 69 049 тенге; прожиточный минимум (ПМ) – 50 851 тенге; минимальный размер базовой пенсионной выплаты – 35 596 тенге; минимальный размер заработной платы – 85 000 тенге.

Пенсионные выплаты по возрасту и за выслугу лет с 1 января 2026 года повышаются на 10% от получаемого размера.

Максимальный доход, учитываемый для исчисления размеров вновь назначенных пенсионных выплат по возрасту, с 1 января 2026 года составит 55 МРП (237 875 тенге).

Размеры государственной базовой пенсионной выплаты с 1 января 2026 года устанавливаются в соответствии со статьей 205 Социального Кодекса Республики Казахстан (далее – Кодекс)

в процентном соотношении к новому размеру ПМ.

Размеры государственных социальных пособий по инвалидности и по случаю потери кормильца, специального



профессионального государственного пособия, размер ежемесячного государственного пособия, назначаемого и выплачиваемого матери или отцу, усыновителю (удочерителю), опекуну (попечителю), воспитывающему ребенка с инвалидностью (детей с инвалидностью), и государственного пособия лицу, осуществляющему уход за лицом с инвалидностью первой

группы, устанавливаются в размерах, предусмотренных статьями 177 и 236 Кодекса. С 1 января 2026 года они повышаются в связи с увеличением размера ПМ (50 851 тенге).

В соответствии с Постановлением Правительства Республики Казахстан размеры социальных выплат по случаю утраты трудоспособности (СВУТ) и потери кормильца (СВПК) из Государственного фонда социального страхования (ГФСС) с 1 января 2026 года повышаются на 10%.

В связи с увеличением размера МРП с 1 января 2026 года повышаются размеры 11 социальных выплат.

А. ОРАЗАЛИНА,
руководитель отдела пенсионного и социального обеспечения №3 РГУ
«Департамент комитета по регулированию и контролю в сфере социальной защиты населения» по Алматинской области».

КӘСІБИ АППАРАТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жастардың жігері мемлекеттік қызметтің басқару жүйесін тиімді етеді

Мемлекеттік қызмет – мемлекеттің тірегі және қоғаммен тікелей байланыс орнататын сенімді институт. Мемлекет пен азаматтар арасындағы көпір бола алатын, қоғам мүддесіне жұмыс істейтін кәсіби аппарат қалыптастыруда жастардың ролі ерекше.

Бүгінгі таңда Қазақстанда мемлекеттік қызметке жастардың қызығушылығы артып келеді. Оны тұрақты кадрлық ресурсқа айналдыру үшін жүйелі әрі нақты жұмыстар атқарылуы қажет.

Қазіргі жастар – ақпараттық технологияны жетік меңгерген, бірнеше тілді білетін, бастамашыл және жанашыл

мемлекеттік қызметке ертерек тартуға және олардың қабілеттерін іс жүзінде көрсетуіне мүмкіндік береді.

Екіншіден, жоғары оқу орындарымен тығыз әріптестік орнатылған. Университеттерде бос жұмыс орындары жәрмеңкелері, ақпараттық кездесулер мен семинарлар тұрақты түрде өткізіледі. Бұл студенттердің мемлекеттік қызметтің мүмкіндіктерімен ерте танысуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, оқу орындарында Мансап орталықтары арқылы кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілуде.

Үшіншіден, «Жас мемлекеттік қызметші» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Оның аясында жана кызметшілер тәлімгерлер бекітіледі, бейімделу кезеңінде оқыту семинарлары өткізіледі, өңірлік және республикалық жобаларға қатысу мүмкіндігі беріледі. Жастар кеңестері арқылы олардың ұсыныстары мен бастамаларына қолдау көрсетіледі.



буын. Олар ашықтық пен нәтижеге бағытталған басқару үлгісін қалайды. Сондықтан мемлекеттік қызметті жастар үшін тартымды ету – ұлттық мүдде.

Алматы облысы бойынша ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жастарды мемлекеттік қызметке тарту бағытында кешенді жұмыстар жүргізіп келеді. Нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін бірнеше маңызды бағыттар іске асырылуда.

Біріншіден, жоғары оқу орнын үздік дипломмен, мемлекеттік оқу грантымен аяқтаған түлектер ауылдық және аудандық деңгейдегі әкімдіктерге конкурссыз татайындала алады. Бұл норма талантты жастарды

Мемлекеттік қызметке жастарды тартуда ашық және өллі іріктеу жүйесі маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда конкурстар электронды форматта, «Е-қызмет» платформасы арқылы жүргізіліп келеді. Бұл тәсіл адами фактордың ықпалын азайтады, білімі мен біліктілігіне қарай іріктелуге мүмкіндік береді және жастардың мемлекеттік аппаратқа деген сенімін арттырады.

Мемлекеттік қызметке келген жастарды ұзақ мерзімге ұстап қалу – кадрлық тұрақтылық пен сананың келілі. Бұл бағытта жүйелі мансаптық даму жолы қарастырылған. Әр қызметкерге жеке даму жоспары құрылып, оған сәйкес оқыту кур-

стары ұсынылады. Конкурс арқылы жоғарылау мүмкіндігі де айқын көрсетілген.

Мемлекеттік органдарда жүзеге асатын жобаларға жастар белсенді тартылып, нақты нәтижеге жауапты болады. Бұл олардың жауапкершілігін арттырып, тәжірибесін нақты іске байланыстыруға мүмкіндік береді. Көптеген мекемелерде жастарға арналған кеңселер, коворкинг-аймақтары, бейресми пікір алмасу алаңдары ашылуда. Икемді жұмыс уақыты мен нәтижеге негізделген бағалау жүйесі енгізіліп келеді.

Жастар үшін мемлекеттік қызметтің тартымдылығы тек жалақымен емес, мансаптық өсу мүмкіндігімен, қоғамға пайдалы болу ниетімен және жауапкершілікке ие болу сезімімен анықталады. Осы құндылықтар нақты іске асқан мемлекеттік қызмет жастардың таңдаулы бағытына айналады. Сондай-ақ, жас мемлекеттік қызметшілердің жетістіктерін бұқаралық аппарат құралдары мен әлеуметтік желілерде кенінен насихаттау қажет.

Алдағы уақытта Агенттік үздік түлектерге арналған конкурссыз қабылдау жүйесін кеңейтуді, IT саласының жас мамандарын тарту үшін арнайы бағдарламаны енгізуді, жастармен кері байланыс тетіктерін күшейтуді және жас мемлекеттік қызметшілер форумдарын өткізуді жоспарлап отыр.

Жастар – мемлекеттің қуатты ресурсы. Мемлекеттік қызмет – ел дамуына тікелей үлес қосатын сала. Егер жастардың білімі мен жігері осы жүйеге тиімді енгізілсе, еліміздің басқару жүйесі мықты, тиімді және халыққа жақын бола түспек. Алматы облысы бойынша ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жастарды мемлекеттік қызметке тарту және оларды қолдау бағытындағы жұмыстарды жалғастырады.

Д. СУНАТІЛЛАЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы.

ЭКОНОМИКА

Соңғы бес жылда кірістер 1,5 есеге өсті

Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті 2025 жылдың 11 айының қорытындысын жария етті. Осы кезеңде мемлекеттік бюджетке 1 021,3 млрд.тенге салық пен төлемдер жиналды. Оның ішінде республикалық бюджетке – 452,8 млрд.тенге, жергілікті бюджетке – 568,5 млрд.тенге. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 111,4% құрады, бұл абсолютті мәнде 104,4 млрд. тенгеге артық болғанын айқындайды.

Алматы облысында мемлекеттік бюджетке салық және төлемдер түсімдерінің оң өсімі жалғасуда. Соңғы жылдары мемлекеттік бюджеттің кірісі тұрақты өсуде.

Соңғы бес жылда кірістер 1,5 еседен астам, яғни 2021 жылғы 666,8 млрд.тенгеден биылғы жылы 1 триллион тенгеден астамға жетті. Биыл облыс маңызды белесті бағындырып отыр. Кірістер тарихта алғаш рет бір триллион тенгеден асты. Бұл оқиға өңірдің әлеуметтік-



экономикалық дамуындағы елеулі жеңіс болды және салық салу базасын кеңейту және кәсіпкерлікті қолдау бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін растады.

Түсімнің артуы өңірдің қаржылық тұрақтылығын нығайтып, экономиканы одан әрі дамытуға, әлеуметтік бағдарламаларды кеңейтуге, басым бастамаларды жүзеге асыруға қосымша мүмкіндіктер ашады.

Алматы облысы Мемлекеттік кірістер департаментінің баспасөз қызметі.


САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА

Мәжбүрлеп таратудың талаптары

Қарасай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Салық кодексінің 93-бабына сәйкес салық төлеушілерді мәжбүрлеп түрде таратуды аяқтады. Осы аталған бап бойынша келесі тұлғалардың қызметі мәжбүрлі түрде тоқтатылады: резидент-занды тұлғалар, олардың құрылымдық бөлімшелері, резидент емес занды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелері, құрылымдық бөлімше ашпай тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес занды тұлғалар.

Сондай-ақ төмендегі талаптарға бір уақытта сай келетін жеке кәсіпкерлердің қызметі мәжбүрлі түрде тоқтатылады:

- 1) күнтізбелік жылдың 1 қаңтарына дейін, бірақ осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап коюдың ескіру мерзімінен кем болмайтын мерзімде:
 - салықтық есептілікті ұсынбаған;
 - экспорттық-импорттық операцияларды жасамаған;
 - егер күнтізбелік жыл ішіндегі төлемнің (немесе) ақша аударымдарының (немесе) ақша аударымының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік



көрсеткіштің 141 еселенген мөлшерінен аспайтын жағдайларды қоспағанда, банктік шоттар бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін және (немесе) әлеуметтік төлемдерді алуды жүзеге асырмаған;

- қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрмаған;
- 2) күнтізбелік жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша:
 - қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрмаған;
 - осы Кодекстің 213 және 214-баптарында айқындалған тәртіппен салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұрмаған;
 - жеке тұлғалардан мүлік, көлік

құралдары салықтары, жер салығы, бірінғай жер салығы салынатын объектілерді қоспағанда, меншік құқығында көрсетілген салықтар салынатын объектілері жоқ;

- әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі жоқ;
- салықтар және бюджетке төленетін төлемдер, келендік төлемдер және республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын 6 еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі салықтар бойынша салықтық берешегі жоқ.

Кредиторлардан немесе басқа тұлғалардан өтініштер (талаптар) болмаған жағдайда, басқарма тарапы 1 қыркүйектен кешіктірмей талап қоюға міндетті.

Айта кетейік, басқармадан қойылған талаптар қанағаттандырылып, соттармен 263 салық төлеуші мәжбүрлеп таратылды. Сот шешімдері заңды күшіне еніп, орындау үшін уәкілетті органдарға жіберілді.

Қарасай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

Негізгі міндет – заңдылықтың жоғары деңгейде сақталуын қамтамасыз ету

Жыл сайын желтоқсан айының алтысы күні елімізде ҚР Прокуратурасы күні аталып өтеді. Бұл – мемлекет ішіндегі заңдылықты нығайту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамда заңдылықты сақтау жолында еңбек етіп жүрген сала қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Осыған орай айтулы күннің қарсаңында ауданымызға жаңадан келген прокурор Айдос Чормановпен кездесіп, сұхбаттастық. Оның барысында прокурормен танысып қана қоймай, жалпы аталған органның бүгінгі тыныс-тіршілігі, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстар төңірегінде әңгіме құрдық.

– Айдос Тұрсынжанұлы, алдымен Сізді жаңа қызметіңізбен және алда келе жатқан кәсіби мерекенізбен құттықтаймыз! Ауданның прокуратурасына басы болып келгеніңізге 1,5 айдай ғана болғандықтан, бүгінгі сұқбатымызды танысудан бастасак. Өзіңіз қай жердің тумасы боласыз? Қайда білім алып, заң саласына қашан қадам бастаныңыз?

– Құттықтауыңызға рақмет! Сурағыңызға келсек, мен 1978 жылы еліміздің оңтүстік-шығысында орналасқан алып шаһар – Алматы қаласында дүниеге келгенмін. Жоғары білімді Қазақ мемлекеттік заң университетінде алып, оны 1999 жылғы тәмамдадым. Заң саласына алғашқы рет 2000 жылы келдім. Яғни, осы жылы мен өзімнің алғашқы еңбек орныма Алматы қаласы Бостандық ауданы прокуратурасының көмекшісі ретінде жұмысқа орналастым. Одан кейін ретімен Алматы қаласы, Павлодар және Алматы облыстарындағы заң қадағалаушы органдарында жауапты қызмет атқардым.

Ашып айтқанда, 2007 жылдан бастап Бас прокуратураның азаматтық, өкімшілік істер бойынша сот актілері мен атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалау департаментінің бөлім прокуроры және аға бөлім прокуроры ретінде жұмыс істедім. Одан кейін төрт жыл Павлодар облысы Павлодар қаласының прокуроры, төрт жыл Алматы облысы Қонаев қаласының прокуроры лауазымында қызмет еттім. Ал ағымдағы жылдың қазан айының тоғыз күні өздеріңіз білетіндей, Бас прокурордың №132/6 бұйрығымен Қарасай ауданының прокуроры лауазымына тағайындалдым. Жалпы заң саласында еңбек етіп келе жатқаным 25 жылдан асты.

– Енді біздің ауданымыздың прокуратура қызметіне тоқталсақ. Жаңа басы ретінде басқаруға келген мекеменің жұмыс жүргізу жүйесінің деңгейі жайлы не айта аласыз? Өз тарапыңыздан өзгерістер енгізу ойыңызда бар ма?

